

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім
басқармасы
КМҚК «Геология барлау колледжі» КМҚК



КГКП «Геологоразведочный колледж»
управления образования Восточно-
Казахстанского областного акимата

Бекітемін
ОІ жөніндегі директордың орынбасары
 Минаева Н.Т.
«__» _____ 2019 жыл



0704000 «Пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлаудың геофизикалық
әдістері» мамандығына арналған

«ЭЕМ геофизикалық материалдарды өңдеу мен түсіндіру»
пәні бойынша
Базалық (тірек) конспектісі

Құрастырған оқытушы
Амангелді Ф.Ғ _____
Геофизикалық ПЦК отырсында қаралды
«__» _____ 2019 жыл № __ хаттама
Геофизикалық ПЦК төрағасы
Апсеитова Ж.Ж _____

Семей қаласы

Базалық (тірек) конспект оқу кезіндегі жұмыс жоспарына сәйкестендіріп жасалған, 2019 жылы бекітілген бағдарлама бойынша 2020 жылы жасалған.

Жалпы сағат саны: 66

	0704000
I	
II	
III	
IV	
V	
VI	
VII	66
VIII	
Итого:	66

0704000 – 66 оқу сағаты, оның ішінде теория 56 сағат, тәжірибелік сабақ – 10 сағат, және міндетті бақылау жұмысы.

Міндетті бақылау жұмыстар саны 1 және VII семестде.

Қорытынды бақылау: СЫНАҚ.
(сынақ, емтихан)

МАЗМҰНЫ

№	Сабақ тақырыптары	Бет
Теориялық сабақтар		
1	Кіріспе. ҰҒЗ өңдеу	4
2	ҰҒЗ материалдарын түсіндіру	6
3	Өзіндік поляризация қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру	8
4	Көрінерлеік кедергі және бүйірлік каротаждық зондылау қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру	12
5	Индукциондық каротаж қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру	14
6	Гамма каротаж қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру	17
7	Акустикалық каротаж қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру	19
8	Термометрия қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру	20
9	Магниттік каротаж қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру	22
10	Кавернометрия және профилометрия қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру	24
11	Қима тұрғызу	25
12	Коллекторларды анықтау	26
13	Литологиялық қима құру	34
14	Ұңғымаларды корреляциялау	37
15	Қанығу сипаттамаларын анықтау	39
16	ГК қисықтарын өңдеу	41
17	Саздылық коэффициентін анықтау	43
18	ГГК қисықтарын өңдеу.	45
19	ННК қисықтарын өңдеу.	48
20	АК мәліметтерін өңдеу	52
21	Магниттік каротаж мәліметтерін өңдеу	54
22	ЯМК мәліметтерін өңдеу	58
23	Кавернометрия мәліметтерін өңдеу	60
24	Наклонометрия мәліметтерін өңдеу	62
25	Термометрия мәліметтерін өңдеу	63
26	Дефектометрия әдісінің мәліметтерін өңдеу	68
27	Акустикалық цементометрия әдістерінің мәліметтерін өңдеу	71
28	Мұнай ұңғымаларында жүргізілген кешенді геофизикалық әдістердің мәліметтерін өңдеу	73
29	Міндетті бақылау жұмысы	

ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Бөлімдер мен тақырыптардың атауы	0704000 (экс)	
		Барл	Тәжір
1	2	3	4
1	Кіріспе		
2	1 бөлім Геофизикалық зерттеулер мен жұмыстардың технологиясы.		
3	Тақырып 1.1 Геофизикалық зерттеулер мен жұмыстардың технологияларына қойылатын жалпы талаптар.	4	
4	Тақырып 1.2 ҰГЗ түсіндірмесі	2	
5	Тақырып 1.3 ҰГЗ өңдеу	2	
6	Тақырып 1.4 Күшті көлбеу және көлденең ұңғымаларды зерттеудің түсіндірмесі.	2	
7	Тақырып 1.5 Игерудегі ұңғымалардың зерттеулерін өңдеу.	2	
8	2 бөлім Геофизикалық зерттеулер мен жұмыстардың түрлері мен әдістері.		
9	Тақырып 2.1 Электрлі және электромагнитті каротажды өңдеу және түсіндіру.	6	2
10	Тақырып 2.2 ГК қисықтарын түсіндіру	4	2
11	Тақырып 2.3 АК қисықтарын түсіндіру	4	2
12	Тақырып 2.4 Магниттік және ядролық-магниттік каротажды өңдеу және түсіндіру	2	2
13	Тақырып 2.5 Кавернометрияны, профилометрия мен инклинометрияны өңдеу.	6	2
14	Тақырып 2.6 Қат еңістік өлшемін өңдеу және түсіндіру.	4	
15	Тақырып 2.7 Термометрияны өңдеу және түсіндіру. Әдістемелік нұсқаулар	4	
16	Тақырып 2.8 Сынамаларды іріктеуді өңдеу және түсіндіру.	2	
17	Тақырып 2.9 Бұрғылау құбырларын, айналдырма бағаналарды және керіш сақинасын геофизикалық зерттеу.	6	
18	Тақырып 2.10 Игеру ұңғымаларында геофизикалық зерттеулерді өңдеу және түсіндіру.	6	
19	Барлығы	56	10

ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚТАР

Сабақ № 1

Сабақ тақырыбы: Кіріспе. ҰГЗ өңдеу.

Жоспар

1. Жалпы түсінік

ҰГЗ нәтижелерін өңдеуге қажетті параметрлер

1. Таужынысы – бір-бірімен молекулалық күштермен байланысқан минералдық бөлшектердің күрделі қосындысы (агрегаты). Табиғи жағдайда ол әр түрлі химиялық құрамымен, концентрациясымен, агрегаттық күйімен сипатталатын су ерітінділері менауаға толған қуыс пен жарықтар жүйесінен тұрады.

2. Ұңғыманы геофизикалық әдістермен зерттеу таужыныстардың электрлік, магниттік, акустикалық, радиобелсенділік және т.б. қасиеттеріне негізделген: 1) меншікті электр кедергі ρ ; 2) диэлектрлік (абсолюттік) өтімділік ε ; 3) табиғи электрхимиялық қарқындылық; 4) таужыныстардың поляризацияланауы; 5) таужыныстардың магниттік қасиеттері; 6) радиобелсенділік; 7) таужыныстардың серпімділік қасиеттері және т.б. Енді таужыныстардың осы аталған қасиеттеріне қысқаша тоқталайық.

1. Меншікті электрлік кедергі. Таужыныстың электрлік сипаттамалары арасында ең толық зерттелген меншікті электр өткізгіштігі, немесе оған кері шама – меншікті электр кедергісі болып табылады. Электр өткізгіштік процесі зарядталған бөлшектердің (иондар, электрондар) сыртқы электр өрісі әсерінен бағытталған қозғалысымен байланысты. Ал, таужыныстың өз бойынан электр тоғын өткізу қабілеті меншікті электр кедергісімен сипатталады.

$$\rho = \frac{1}{\sigma} = \frac{RS}{L}$$

мұнда R – таужыныс үлгісінің толық электр кедергісі (ом); S, L – үлгінің көлденең қимасының ауданы (m^2) мен ұзындығы (м).

Сонымен, таужыныстың меншікті электр кедергісі дегеніміз – көлемі $1 m^3$, табанының ауданы $1 m^2$ және биіктігі 1 м таужыныстың куб тәрізді үлгісінің куб жазықтығына перпендикуляр бағытта өлшенетін толық электр кедергісіне тең шама. Меншікті электр кедергінің өлшем бірлігі Ом·м (СИ жүйесі бойынша).

Таужыныстың меншікті электр кедергісі, оның қуыстарын толтыратын қатты, сұйық және газ тарамдарының меншікті электр кедергісіне және көлемдерінің бір-бірімен қатынасына, олардың таужыныс құрамында таралуларына және температурасына байланысты.

2. Диэлектрлік өтімділік ε - таужыныс заттары атомдарының немесе молекулаларының электр өрісінде поляризациялану*) қасиеттерімен анықталады. Электр өрісінде поляризацияланатын заттар *диэлектрик* деп аталады.

3. Табиғи электрхимиялық белсенділік. Таужыныстың әртүрлі физикалық-химиялық факторлар әсерінен поляризацияланау қабілетін табиғи электрхимиялық белсенділік деп атайды

4. Таужыныстардың поляризацияланауы. Таужыныстар арқылы электр тоғы өту нәтижесінде элементар бөлшектер (атомдар, иондар және молекулалар) поляризацияланады. Сонымен қатар, электр тоғы әсерінен таужыныста басқа да физикалық-химиялық процестер жүріп, электрхимиялық поляризация пайда болады.

Мұндай процесті таужыныстардың жасанды электрхимиялық поляризацияланауы деп атайды.

5. Таужыныстардың магниттік қасиеттері. Таужыныстардың магниттік қасиеттері оған әсер еткен сыртқы магнит өрісін өзгерту немесе өзіндік өріс қоздыру қабілеттілігін сипаттайды. Таужыныстың басты магниттік қасиеттері қатарына магниттелу деңгейі, магниттік қаблеттілік және магниттік өтімділік жатады.

6. Радиобелсенділік – таужыныстың ядролық-физикалық қасиеттерінің бірі болып саналады. Радиобелсенділік табиғи және жасанды болып екіге бөлінеді.

Табиғи радиобелсенділік деп кейбір химиялық элементтердің тұрақсыз изотоптарының өздігінен ыдырау барысында ядроның құрылысы, құрамы және энергиясының өзгеру процесін айтады.

Жасанды радиобелсенділік. Қолданбалы ядролық геофизика практикасында таужыныстың және руданың элементтік құрамын анықтау үшін екі топқа бөлінген радиобелсенділік тәсілдер кеңінен пайдаланылады. Олар таужыныс арқылы гамма-және нейтрондық сәулелердің затпен әрекеттесуіне негізделген тәсілдер.

7. Таужыныстардың жылулық қасиеттері. Жердің табиғи жылу өрісі үш түрлі себептерге байланысты:

1. Жылу энергиясы көздерінің (Жер бетінің Күн сәулесімен және атмосфералық жауын-шашынмен жылынуы, элементтердің радиобелсенділік ыдырауы, таужыныстың тығыздалуымен байланысты экзотермиялық процестер, минералдардың өзгеруі, кристаллизациялануы және т.б.) кеңістікте таралуы.

2. Әр түрлі жылулық қасиеттері бар таужыныстардың кеңістікте таралуы және конвекциялық процестер.

3. Таужыныстардың температуралық градиент әсерінен жылу.

Бақылау сұрақтары:

1. Таужыныстар қандай қасиеттері бойынша жіктеледі?
2. Таужыныстың меншікті электр кедергісі деген не және формуласы?
3. Таужыныстардың жылулық қасиеттері, пайда болу себептері?

Сабақ № 2

Тақырып: ҰГЗ материалдарын түсіндіру

Жоспар:

1. Мұнай газ кен орынындағы ҰГЗ материалдарын талдау.

1. Әдетте, ҰГЗ деректерін интерпретациялау екі кезеңнен тұрады: I- кезең, жедел (оперативті) немесе геофизикалық интерпретациялау деп аталады. Бұл кезеңде ұңғыма қимасында жеке литологиялық айырмашылықтар табылып, олардың физикалық қасиеттері анықталады; пайдалы қазбалар орналасқан аралықтар(интервалдар) жекеленіп, олардың сапалық және сандық сипаттамалары анықталады.

Мұнай және газ кенорындарында оперативті интерпретация нәтижесінде қорытынды жасалып, оны бұрғылау мекемесінің геологиялық қызметіне береді. Бұл қорытындыда өнімді коллекторлардың жатыс тереңдігі, кеуектілігі мен мұнай қанықтылығы көрсетіліп, қабаттарды сынауға ұсыныс жасалады.

II кезең – жиынтық немесе геологиялық интерпретация деп аталады.

Бұл кезеңде әрбір қабат жайлы геофизикалық деректердің жиынтығын және белгілі геологиялық материалдарды пайдалана отырып, пайдалы қазба шоғырының құрылысы және оның қоры туралы қорытынды жасалынады.

Бұл кезеңде ұңғыма қималарына корреляция жүргізіліп, профильдік геологиялық-геофизикалық қималар, құрылымдық және қабаттық карталар тұрғызылады, пайдалы қазбаның қорын есептейді.

Мұнайдың геологиялық қоры төмендегі формуламен есептеледі:

$$Q_{\text{геол}} = \frac{\sigma_n}{\sigma_n} \cdot S_n \cdot h_{\text{эф.ср}} \cdot K_{\text{п.ср}} \cdot K_{\text{н.ср}}$$

Мұнда σ_n – қалыпты (стандартты) жағдайдағы (қысым 0,1 МПа, температура 273 К) мұнайдың тығыздығы;

σ_n – мұнайдың қабаттық және стандартты жағдайдағы көлемдерінің қатынасына тең көлемдік коэффициент;

S_n – коллектордың мұнай қаныққан бөлімінің ауданы;

$h_{\text{эф.ср}}$ – коллектордың орташа тиімді қалыңдығы;

$K_{\text{п.ср}}$ – мұнай қаныққан коллектордың орташа кеуектілік коэффициенті;

$K_{\text{н.ср}}$ – орташа мұнай қанығу коэффициенті.

Алынатын қор, геологиялық қорды мұнай шығару коэффициентіне β_n көбейту арқылы табады ($\beta_n < 1$).

Мұнай және газ ұңғымаларында жүргізілетін геофизикалық зерттеулердің маңыздылығы жоғары. Біріншіден, терең ұңғыманы бұрғылау барысында керн алуды азайту, тіпті алмауға (жұмысты арзандату және тездету мақсатында) болады. Екіншіден, ұңғыма ашқан қимадағы шөгінді қатқабаттардың өлшенген электрлік және ядролық-физикалық параметрлері бойынша жақсы жіктелуі (дифференциациялануы), осы аудандағы көптеген ұңғымаларда жазылған каротаждық диаграммаларды керн алынған бір немесе бірнеше тірек ұңғымалар қимасына байланыстырып сәйкестендіруге болады.

Таужыныс құрамы бойынша ұңғыма ашқан геологиялық қиманы жіктеу және алдын-ала литологиялық бағананы (колонканы) жасау – бұл оперативті геофизикалық интерпретациялаудың басты міндеті.

Бұл мәселеге кірісудің алдында әрбір әдіс бойынша алынған диаграммалар тереңдігі бойынша бір-бірімен үйлестіріледі. Ол үшін каротаждық диаграммада өзіндік ерекшеліктерімен сипатталатын қабат алынады. Литологиялық жіктеудің оңтайлы шешімі геологиялық қиманың түріне байланысты болады.

Бақылау сұрақтары:

1. ҰГЗ деректерін интерпретациялау кезеңдері?
2. Мұнайдың геологиялық қорын қандай формуламен анықтайды?
3. Оперативті геофизикалық интерпретациялаудың басты міндеті?

Сабақ № 3

Тақырып: Өзіндік поляризация қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру
Жоспар:

1. . ПС диаграммаларын интерпретациялау

ПС диаграммасын *сапалы интерпретациялау* деп ұңғыма қимасын литологиялық жіктеуді айтады. Жұту (адсорбциялық) қабілеттілігі әр түрлі таужыныстардан тұратын құмтас-сазды қимада, ПС әдісі ең нәтижелі болады.

ПС-тің тура өрісінде ($co < cv$) саз оң таңбалы, ал құмтастар теріс таңбалы аномалиялармен сипатталады.

ПС диаграммасын интерпретациялауда әр мағыналы нәтиже болмау үшін,

ҰГЗ-ның басқа да әдістерін (КС, МЗ, ГК, НТК, АК және т.б.) бірге қарастыру қажет.


ПС диаграммасын *сандық интерпретациялау* нәтижесінде қабаттың қалыңдығы, қабаттық судың минералдылығы, коллектордың саздылығы мен кеуектілігі анықталады және т.б. бірқатар мәселелер шешіледі.

ПС диаграммасы бойынша *қабаттың қалыңдығын анықтау* аномалияның жартылай максимумы (немесе жартылай минимумы) ережесі бойынша жүргізіледі (2.64 сурет).

Қабаттық судың минералдылығы ПС өрісі диффузиялық-адсорбциялық жолмен пайда болғанда ғана анықталады.

$$\Delta U_{ПС} = \beta \cdot K_{\partial a}^t \cdot \lg \frac{c_0}{c_a} = \beta \cdot K_{\partial a}^t \cdot \lg \frac{\rho_a}{\rho_0}. \quad (2.39)$$

ПС аномалия амплитудасы диаграмма масштабына байланысты таза саздан бастап өлшенеді (ең жоғары көрсеткішінен). Қабат қалыңдығын анықтауда ескерілетін β коэффициентін арнайы номограмма арқылы анықтайды.



2.64 сурет

ПС диаграммасы бойынша қабаттар жапсарын анықтау

$K_{\partial a}$ коэффициенті бұрғылау кернін зертханалық зерттеу арқылы, ал бұрғылау ерітінді кедергісі ρ_0 резистивиметрия тәсілімен анықталады. Сонымен, (2.39) формуласында жалғыз-ақ белгісіз

ρ_a – қабаттық судың кедергісі, қалады. Оны осы логарифдік теңдеуді шешу арқылы анықтауға болады. Содан кейін, ρ_a мәнін біліп, белгілі температураны t еске алып, төмендегі формула арқылы қабаттық судың минералдылығы анықталады:

$$c = \frac{10}{(1 + 0,04t) \cdot \rho_a} \quad (2.40)$$

Егер $K_{\partial a}$ коэффициенті анықталмаған болса, онда, іс жүзінде, екі ерітінді әдістемесі қолданылады: ұңғыманы бұрғылап болғаннан кейін, ондағы ерітінді кедергісі ρ_0 деп қабылдап, ΔU_{nc} өлшенеді. Содан кейін ерітіндіні ауыстырып, оның кедергісі ρ'_0 анықталып, $\Delta U'_{nc}$ қайталанып өлшенеді. Нәтижесінде, екі белгісізі бар екі теңдеуді

$$\begin{cases} \Delta U_{ПС} = \beta \cdot K_{\partial a}^t \lg \frac{\rho_a}{\rho_0} \\ \Delta U'_{ПС} = \beta \cdot K_{\partial a}^t \lg \frac{\rho_a}{\rho'_0} \end{cases}, \quad (2.41)$$


шешу арқылы ρ_a мәні анықталады.

(2.41) теңдеулерін графикалық тәсілмен де шешуге болады. ПС диаграммасы бойынша *коллектордың саздылығын анықтау* адсорбциялық белсенділік тәуелділігіне, яғни коллектор құрамындағы сазды материалға байланысты ПС аномалиясы қарқындылығына, негізделген. Оны анықтау үшін $a_{ПС}$ аномалия

амплитудасының саздылықпен байланысын сипаттайтын эмпирикалық тәуелділік пайдаланылады (2.63 сурет).

$$\alpha_{ПС} = \frac{\Delta U_{ПС}^X}{\Delta U_{ПС}^{OP}} \quad (2.42)$$

мұнда $\Delta U_{ПС}^X$ – зерттелетін қабат үстіндегі ПС аномалия амплитудасы; $\Delta U_{ПС}^{OP}$ – таза кварцты құмтас үшін. Екі аномалия шамасы да майда дисперсиялық «таза» саз деңгейінен бастап өлшенеді. 2.65-суретте келтірілген байланыс кеуектілігі жоғары сулы құмтас үшін алынған.



2.65 сурет

Су қаныққан құмтастың саздылығын $a_{ПС}$ параметрі бойынша анықтау (Р.Дебранд бойынша)

ПС диаграммасы бойынша *кеуектілікті анықтау* кеуектілік коэффициенті $Kп$ мен ПС аномалия амплитудасы арасындағы байланысқа негізделген. Бұл байланыс ПС диаграммасы мен бұрғылау керні арасындағы байланысты зертханалық зерттеу барысында анықталған.

Әдетте, ПС аномалиясы ρ_a және ρ_0 кедергілері мен қабаттың қалыңдығы арасындағы қатынасқа тікелей байланысты. Сондықтан, өлшенген $\Delta U_{ПС}$ қайта есептеліп, $h = \infty$ және $\rho_0 = 1 \text{ Ом} \cdot \text{м}$ қалыпты (стандартты) жағдайға келтіріледі немесе 2.42 формуласы бойынша $a_{ПС}$ параметрі есептеледі.

Бұл тәсілді қолдану үшін қабаттық судың минералдылығы тұрақты, сазды цементтің құрамы бірқалыпты және зерттелетін қимада карбонаттық цемент болмауы керек.

ПС әдісі бойынша кеуектілікті анықтаудың кемшілігі жеткілікті, сондықтан іс жүзінде сирек қолданады.

Жоғарыда қарастырылған мәселелерден басқа, ПС әдісі сүзгі потенциалдар арқылы қабаттық қысымды да анықтауға мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары:

1. ПС аномалиясының амплитудасын қалай анықтайды?
2. ПС диаграммалары бойынша қабаттарды қалай анықтайды?
3. Графикалық тәсілмен қабаттық сулардың минерализациясын 2 ерітінді әдісімен қалай анықталады?
4. $a_{ПС}$ параметрі неге тең?
5. ПС диаграммасы бойынша сазды заттың минералды құрамы белгісіз болған жағдайда құмтастың саздылығын қалай анықтаймыз?
6. Әрқашан да ПС диаграммаларында саздарда оң аномалия ал, құмтаста теріс көрсетеді ма? Егер жоқ болса, қандай жағдайларда?

Тақырып: Көрінерлік кедергі және бүйірлік каротаждық зондылау қисықсыздықтарын өңдеу мен түсіндіру

Жоспар:


1. КС нәтижелерін интерпретациялау
2. БКЗ нәтижелерін интерпретациялау

КС диаграммасын интерпретациялау дегеніміз ұңғыма ашқан қимадағы электрлік кедергісі бойынша бір-бірінен айрықшаланатын қабаттардың жапсарын тауып, олардың нақты кедергісін анықтау.

Диаграмманы интерпретациялау КС зондысының түріне және қабат қалыңдығы мен зонд ұзындығы арасындағы қатынасқа тікелей байланысты.

Жоғары кедергілі қалың қабат. Егер қабаттың бір шетінде тіркелген КС қисығына, оның екінші шетінің әсері болмаса, яғни $h > 5L$, онда мұндай қабатты қалың деп айтады.

Енді, айналмалы градиент-зонд үшін КС қисығының теориялық формасын қарастырайық. Ол үшін бұрғылау ерітіндісінің әсерін жоқ деп аламыз, яғни шартты түрде $d = 0$ (2.10,а сурет)



2.10 сурет
Жоғары кедергілі қалың қабат үстіндегі айналмалы градиент-зонд үшін КС қисығының ұңғыма әсері болмалған (а) және оның әсері болған (б) жағдайлардағы түрлері

Жоғарыда айтылғандай, қабаттың төменгі шегіндегі КС қисығына оның жоғарғы шегінің әсерін жоқ деп қарастырып, КС қисығының төменгі жартысын тұрғызу барысында айтылған ескертулерді пайдалана отырып, тұрғызуға болады.

Зондты жоғары көтеру барысында, О нүктесі қабаттың жоғары жапсарына жеткенде (1 позиция), қабылдаушы электродтар аумағында ток тығыздығы өседі (төменгі кедергілі жабынды қабаттың тарту әсерінен), $j > j_0$ және $\rho_k \rightarrow \rho_k^{max} > \rho_2$. О нүктесі жабында

қабатқа жеткенде (2 позиция) ρ_{MN} күрт төмендейді (ρ_1 деңгейіне дейін), өйткені қоректенуші және қабылдаушы электродтар бірбірінен жапсармен бөлінген. КС тұрақты түрінде қалады, яғни, А нүктесі жапсардан өткенше $\rho_k = \rho_k^*$. 3-позицияда (А электроды жапсар үстінде) ток тығыздығы $j > j_0$, ал $\rho_k > \rho_1$, дегенмен жапсардан қашықтаған сайын $j \rightarrow j_0$, ал $\rho_k \rightarrow \rho_1$.


Ұңғымада бұрғылау ерітіндісі бар деп қарастырсақ,, оның әсерінен КС қисығы тегістеледі, яғни кедергісі бірдей (ρ_k^*) бөлікшелер жоғалады. Дегенмен, қабат жабындағы ρ_k^{max} және қабат табанындағы ρ_k^{min} нүктелері сақталады. Сонымен қатар, қабат табанынан L –ге тең жоғарыда орналасқан КС қисығының күрт өзгеру f нүктесі де сақталады (2.10,б сурет).

Сонымен, айналмалы градиент-зонд үшін ВС қалың қабат жабыны КС қисығының максимум нүктесімен, ал табаны – минимум нүктесімен сипатталады.

Айналмалы градиент-зонд көбінесе «жабындық» зонд деп аталады, өйткені max нүктесі бойынша ВС қабатының жабындысын нақты айырады.

Жоғарыда келтірілген дәлелдемелерден кейін, 2.11 суретте жоғарғы кедергілі

калық қабат үстіндегі жүйелі градиент-зонд үшін КС диаграммасы келтірілген. Мұндай зонд қабат табанын *max*-мен нақты көрсетеді, сондықтан мұндай зондты «табандық» деп атайды.




2.11 сурет
Жоғары кедергілі қалың қабат үстіндегі жүйелі градиент-зонд үшін КС қисығының ұңғыма әсері болмаған (а) және оның әсері болған (б) жағдайлардағы түрлері

Жоғары кедергілі қабаттың нақты кедергісін қабаттың жапсарлары аралығындағы орташа ρ_k^{cp} мәніне тең деп алуға болады. Төменде, 2.12 суретте көрсетілгендей, ρ_k^{cp} мәнін графикалық тәсілмен анықтауға да болады.

Енді, ВС қалың қабаты үстіндегі КС қисығын АМ потенциалзонд үшін қарастырайық (2.12 а, б сурет). Жоғарыда айтылғандай, КС қисығының төменгі қисығын 2.9 суретінен алып саламыз. Зондты жоғары көтеріп, А нүктесі жоғары жапсарға жеткенде (1 позиция) ток тығыздығы төмендейді $j < j_0$ (төменгі кедергілі жабынды қабаттың тартуынан), ρ_k мәні электрод А жоғары жапсарға жеткенше азаяды ($\rho_k < \rho_2$). Жазу нүктесі жоғары жапсардан $L/2$ ұзындыққа төмен орналасады. 2 позицияда (жапсар А және М нүктелері арасында орналасқан), М электроды жоғарғы жапсардан өткенше $\rho_k = \rho_k^*$.

3 позицияда, М және N электродтары аралығына төменгі кедергілі ($\rho_{1\text{және}} \rho_k \rightarrow \rho_1$) жабынды қабат бөліктері орналасады



2.12 сурет
Жоғары кедергілі қалың қабат үстіндегі потенциал-зонд үшін КС қисығының ұңғыма әсері болмаған (а) және оның әсері болған (б) жағдайлардағы түрлері

Ұңғымада бұрғылау ерітіндісі болса, онда кедергісі бірдей бөлікшелер жоғалады, КС қисығының күрт өсу нүктесі айқын көрінеді. Осы КС *max* қисығынан $AM/2$ ұзындығын жан-жаққа өлшеп салып, қабаттың жапсарларын табуға болады.


Сонымен қатар, «сыйыстырушы жыныстардың екі еселенген кедергісі» (правила «удвоенного сопротивления вмещающих пород») ережесін пайдалану арқылы да, қабат жапсарларын табуға болады.

Егер, қабаттың кедергісі $\rho_2 \rightarrow \infty$ деп алсақ, онда кедергісі бірдей бөлікшелердің ортасына қарама-қарсы қабат жапсарлары орналасады, яғни

$$\lim_{\rho_2 \rightarrow \infty} \rho_k^* = \lim_{\rho_2 \rightarrow \infty} 2 \frac{\rho_1 \cdot \rho_2}{\rho_1 + \rho_2} = 2\rho_1$$

Бұл деген, қабат шектерінде КС сыйыстырушы таужыныстардың екі есе кедергісінен жоғары болуы мүмкін емес, сондықтан, қабат шектерін КС диаграммасының көлденең сызықпен қиылысқан нүктелері арқылы табады. Ал, ВС қалың қабатының нақты кедергісін потенциал-зонд диаграммасында шамамен ρ_k^{max} —ға теңдеп алуға болады.

Жоғары кедергілі жұқа қабат. Егер қабаттың қалыңдығы зонд ұзындығынан аз ($h < l$) болса, онда мұндай қабатты КС әдісінде *жұқа* деп атайды. Жұқа қабат үстінде КС қисығының түрі қалың қабатқа қарағанда басқаша. 2.13 суретінде, айналмалы градиент-зонд көмегімен жазылған жұқа қабат үстіндегі КС қисығы келтірілген.



2.13 сурет

Жоғары кедергілі жұқа қабат үстіндегі айналмалы градиент-зонд үшін КС қисығының ұңғыма әсері болмаған (а) және оның әсері болған (б) жағдайлардағы түрлері

Зонд қабаттан төмен орналасқанда (1- және 2- позициялар), КС қисығы қалың қабат үстіндегі сияқты жазылады. Жазылу нүктесі қабат ішіне енгенде (3- позиция), кедергісі бірдей бөлікшелер орнына көлбеу жазықтық (жабынына қарай өсетін) пайда болады. Ал, жазылу нүктесі қабаттан шығып, жабыны ортаға енгенде (4-позиция), қабылдаушы және қоректенуші электродтар аралығында жоғары кедергілі қабат кіреді, ол қабылдаушы электродтарды ток көзінен тасалайды, сөйтіп, ток тығыздығы төмендейді. КС қисығында *мин* пайда болып, ол А электроды қабаттың төменгі жапсарынан өткенше сақталады (5-позиция). А электроды қабат табанынан алыстаған сайын, токтың басым көпшілігі жоғары ортаға таратылады, ал А электроды қабаттың жабынынан өткенде КС қисығында *мах* пайда болады, оның қабат жабындысынан қашықтығы зонд ұзындығына тең.

Ұңғыманың әсері болған жағдайда, КС қисығындағы қабаттың табанына сәйкес келетін *мин* әр уақытта сақтала бермейді. Мұндай жағдайда, әдетте, диаграммада негізгі *мах* (а нүктесі) және басты *мин* (в нүктесі) айқын көрінеді. Қабаттың жапсарларын а және в нүктелерінен зонд мөлшерін, 2.13,б суретінде көрсетілгендей, басты *мах*-ға қарай салу арқылы табылады.

Қабаттың нақты кедергісін шамамен келесі формула арқылы табуға болады.


$$\rho_{пл} \approx \rho_{вм} \cdot \frac{\rho_{к}^{max}}{\rho_{к}^{min}}$$

Бұл өрнекке кіретін шамалардың мәндері КС қисығынан алынады (2.13,б суреті).

2.14 суретте жұқа қабат үстінде потенциал-зонд көмегімен жазылған КС қисығы келтірілген. Зонд қабаттың табанына жақындаған сайын (2-позиция) А электроды үстінде ток тығыздығы азаяды, ал оның астындағы, М электроды маңында көбейеді. Сондықтан, А электроды қабат табанына жеткенде (жазылу нүктесі зондтың жарты ұзындығына тең төменде орналасқан) КС қисығы көбейіп, *мах*-ға жетеді. А электроды қабат табанынан өткенде (3-позиция) бірдей кедергілі бөлікшелер орнына көлбеу жазықтық (зонд көтерілген сайын жоғарыда орналасқан төменгі кедергілі жабынды қабат токты өзіне тартады, КС азаяды) пайда болады. А электроды қабаттың

жабынынан өткенде, А электроды мен қабылдаушы электрод арасында жоғары кедергілі экранқабат кіреді, сондықтан КС қисығында *мин* пайда болады (бұл *минимум* М электроды қабат табанынан өткенше сақталады) (4 позиция). Содан кейін, ρ_{mn} мәніне жоғары кедергілі ρ_2 қабаттың әсері көбейеді (N электроды М электродынан төмен орналасқан, суретте көрінбейді). Жоғары кедергілі ρ_2 қабатының ρ_{mn} -ге әсері М электроды қабаттың жабынына жеткенде ең жоғары болады (өйткені бүкіл қабат MN аралығында болады), бұл кезде КС қисығында тағы бір *максимум* пайда болады (қабаттың жоғары шетінен зондтың жарты ұзындығына тең). М электроды қабаттың жабынынан өткенде (5-позиция) ρ_{mn} мәне өзгермейді, жоғары кедергілі қабаттың токтың тығыздығына әсері біртіндеп жоқ болады, ал КС ρ_1 мәніне жақындайды. Сонымен, жоғары кедергілі жұқа қабат үстіндегі потенциал-зонд үшін КС қисығында кедергі көбеймейді, керісінше экрандық *минимум* пайда болады, яғни көрінерлік кедергі КС қисығы ортаның нақты кедергісінің таралуына сәйкес келмейді.

Ұңғыманың КС қисығына әсері экрандық *минимум*да бірдей кедергілі кішігірім бөлікшелер жоғалады, ал олардың жиегіндегі экрандық *максимум*дар сақталады. Қабаттың жапсарларын, 2.14,б суретіндегідей, экрандық максимумдардан экрандық минимумдарға қарай зонд ұзындығының жартысын өлшеп салу арқылы табуға болады. Бұл жағдайда қабаттың нақты кедергісін табу мүмкін емес.



2.14 сурет
Жоғары кедергілі жұқа қабат үстіндегі потенциал-зонд үшін КС қисығының ұңғыма әсері болмаған (а) және оның әсері болған (б) жағдайлардағы түрлері

Жұқа қабаттарды каротаждау үшін, әдетте, потенциал-зондты қолданбайды.

Төменгі кедергілі қалың қабаттар. Төменгі кедергілі (НС низкого сопротивления) қалың қабаттар үшін КС қисығын жоғары кедергілі (ВС-высокого сопротивления) қабаттары сияқты табуға болады. Тек қана еске алатын бір жағдай, жоғары кедергілі қалың қабаттың жабыны – бұл төменгі кедергілі қабаттың табаны және керісінше. Тағы бір моментті ескеру керек: бірдей кедергілі бөлшектерде ρ_k^* мәні бір-бірімен жанасатын екі ортаның ең кіші екі еселенген кедергісінен жоғары болуы мүмкін емес, сондықтан, НС қабаты үстіндегі аномалияның ені қабат қалыңдығынан зонд ұзындығы мөлшерінде артық болады. Әсіресе мұндай жағдай, егер қабат ноль кедергімен сипатталса (бұрғылау барысында ұңғымаға түсірген металл құбыры үстінде немесе жоғары өтімді рудалық интервал) болуы ықтимал. Бұл жағдайда


$$\lim_{\rho_2 \rightarrow 0} \rho_k^* = \lim_{\rho_2 \rightarrow 0} 2 \frac{\rho_1 \cdot \rho_2}{\rho_1 + \rho_2} = 0,$$

кедергісі бірдей бөлікшелер нольдік деңгейде және КС диаграммасында мұндай нольдік деңгей ұзақтығы өтімді қабат қалыңдығынан зонд ұзындығына тең қалың болады. Мұндай жағдайларды

КС диаграммасын интерпретациялау барысында еске алған жөн (2.15 сурет).

Қалыңдығы орташа қабаттар. Егер қабат өлшемдерінің қатынасы $L < h < 5L$ болса, мұндай қабаттарды қалыңдығы орташа қабаттар деп атайды. Мұндай қабаттар үстіндегі теориялық тұрғыдан КС қисығында бірдей кедергілі бөлікшелер болмайды (қалың қабаттарға тән), олардың орнына көлбеу бөлікшелер пайда болады. Оның себебі, егер зонд қабаттың бір шегінде болғанда, оған қабаттың екінші шегі әсер етеді (2.15 сурет).


КС диаграммалары жоғарыда келтірілген қалың қабаттар сияқты интерпретацияланады.



2.15 сурет


Айналмалы градиент-зонд үшін, кедергісі төмен қалың қабат үстіндегі (а) және ұңғымадағы металл құбыр үстіндегі (б) КС қисығының түрлері

Құрылысы күрделі қабаттар. Мұндай қабаттар арасындағы ең қарапайымы – қалыңдығы бірдей төменгі және жоғары кедергілі қабатшалардың жиынтығы болады. Мұндай қабатшалар үшін 2.16 суретте келтірілгендей, зонд ұзындығы әрбір қабатшалардың қалыңдығынан h үлкен, бірақ қабатшалар жиынтығы қалыңдығынан H аз, градиент-зонд айтарлықтай нәтиже береді. Ал, потенциал-зонд қолданбайды.



2.16 сурет

Қалыңдығы орташа жоғары (а) және төменгі кедергілі қабаттар үстіндегі КС аномалиялары




Айналмалы градиент және $L \geq H$

2.БКЗ

БКЗ

орташа



2.24 сурет

КС-тің орташа және максималды мәндерін табу

қисық сызықтарын интерпретациялау

қисық сызықтарын 2.24 суретте көрсетілгендей КС диаграммасының мәндері арқылы тұрғызады.

БКЗ қисығын интерпретациялау іс жүзінде алынған және теориялық қисық сызықтарды бір-бірімен салыстыруға негізделген. Екі қисық сызықтар да бірдей билогарифмдік масштабта калькаға тұрғызылады. Бір-бірімен салыстыру арқылы сыйыстырып, теориялық сызықтан $\mu = \rho/\rho_0$ модулін есептейді. Сыйыстыру кезінде палетканың «кресті», яғни нүкте координаталары $\rho_K/\rho_0 = 1$; $L/d = 1$, сөйтіп, қисық сызық тұрғызылған бланк бойынша бірінші қабаттың параметрлері анықталады, яғни, екі қабатты қима үшін ρ_0 және d . Қабат кедергісі табылған μ модулі арқылы есептейді, $\rho = \mu \cdot \rho_0$.

БКЗ-ның екі қабатты палеткасын үш қабатты қисықтарды да интерпретациялау үшін пайдалануға болады. Мұндайда «эквиваленттік яғни баламалы принцип» қолданылады: алғашқы екі қабатты (ұңғыма мен ену белдемін) параметрлері $\rho\phi$ және $d\phi$ –қа тең бір жалған қабатпен ауыстырып, палеткадағы қисықпен іс жүзінде алынған қисықтың оң бөлігімен салыстырады (қисықтың бұл бөлігі өзгермеген қабат әсерінен қалыптасады). Палетка кресті сол жалған қабаттың параметрлерін сипаттайды.

Ұңғыма мен ену белдеміннің параметрлерінен жалған қабаттың параметрлеріне өту үшін қосымша ЭК-1 палеткасын пайдаланады. Бұл палетка ыңғайлы болу үшін, БКЗ-1а и БКЗ-2б палеткаларымен бірге (бір бетте) беріледі. Мұндай палеткаларды құрама деп атап, оларды БКЗ-1с және БКЗ-2с белгілерімен белгілейді.

Бақылау сұрақтары:

1. Кедергі каротаж әдісі не үшін қажет?
2. БКЗ әдісі не үшін арналған?
3. КС диаграммасы арқылы қандай қабаттар анықталады?

Сабақ № 5

Сабақ тақырыбы: Индукциондық каротаж қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру


Индукциялық каротаж диаграммасын интерпретациялаудың басты кезеңдері:

Қабаттың жапсарымен қалыңдығын анықтау

Теориялық есептеулер тұрғысынан индукциялық каротаж қисықтары қабаттар шекараларында өзгеріссіз, қарапайым симметриялық формалар мен сипатталады. Қабат қалыңдығын анықтау үшін аномалияның жартылай максимумы» атаулы ереже қолданылады (2.38 сурет). Осы ереже бойынша табылған қабат қалыңдығы (жалған) $h\phi$ арқылы өрнектеледі. Егер қабат қалың болса ($h > 2L$), онда $h\phi$ қабаттың нақты мәніне тең, ал жұқа қабаттар үшін $h\phi$ мәні нақты мәнінен айырмашылығы бар (қабаттың қалыңдығы азайған сайын және қабат кедергісінің сыйыстырушы орта кедергісіне қатынасы көбейген сайын бұл айырмашылық көбейе түседі). Жұқа қабаттар үшін оның нақты мәні $h\phi$ арқылы 2.39 суретте келтірілген палетка арқылы табылады.


Қабаттардың кедергісін анықтау

Қалың қабат ортасына сәйкес келетін көрінерлік кедергінің экстремалды мәні, іс жүзінде, шексіз қабаттың меншікті кедергісіне тең. Қабаттың қалыңдығы азайған сайын аномалия амплитудасыда азаяды (қабат қалыңдығы қаншалық азайса оның амплитудасы да соншалық азаяды).



2.38 сурет

ИК диаграммасы бойынша қабаттардың шекарасын анықтау



2.39 Сурет

h_f мәні бойынша жұқа қабаттардың қалыңдығын анықтайтын палетка:
а-7И1,4; б- 4Ф0,75 зондары


ИК диаграммасынан анықталған көрінерлік кедергі (егер бұрғылау ерітіндісі ұңғыма қабырғасына терең енбеген жағдайда) 2.40 суретінде келтірілген номограмма бойынша қабаттың нақты кедергісін табуға болады. Бұл номограмма диаметрі 0-ге тең ұңғыма үшін және жабынды мен төсеніш қабаттардың кедергілері бірдей болған жағдайларға есептелген.

Қисықтардың белгісі – $\rho_{пл}/\rho_{вм}$.

ИК жоғары электр өткізгіштігімен сипатталатын қабатшаларды жақсы көрсетеді, ал жоғары кедергімен сипатталатын қабатшаларды көрсетпейді, өйткені өлшеу кезінде әдеттегі КС зондтарына тән экран дау болмайды. Сонымен, ИК қисықтары жан-жақты мағлұматтар бермейді.

ИК әдісін пайдаланудың шектеулі болуы ($\rho = 0 \div 50 \text{ Ом}$), оны басқада әдістермен (мәселен, БК) қоса жүргізуді талап етеді. Осы мақсатта ИК және БК әдістерін қоса жүргізетін (диаграммаларды бірге тіркейтін) арнайы аспаптарда бар.


Қазірде ИК әдісі сазды ерітінді мен бұрғыланған ұңғымаларда кеңінен қолданылады (қабаттың нақты кедергісін БКЗ әдісімен салыстырғанда тез және аз шығын мен анықтауға болады).



2.40 Сурет

ИК нәтижелері бойынша қабаттың кедергісін анықтайтын номограмма. ρ_{kl}/ρ_{0m} – қисықтардың белгісі.

2.41 суретте ИК, КС, ПС және микрозондтар әдістерімен жазылған ұңғыма қимасына сәйкес келетін диаграммалар берілген. Суретте саз және құмайтастар арасында орналасқан құмтастан тұратын екі қабатша нақты көрінеді. ИК диаграммасында жоғары кедергілі бұл қабатшалар (10 Ом·м, жоғарысы және 25 Ом·м, төменгісі) екі қабатшада мұнаймен қаныққандығын көрсетеді.



Бақылау сұрақтары:

- 1) Қабаттың жапсарымен қалыңдығы қалай анықталады?
- 2) Жартылай максимум ережесі?
- 3) Қабаттардың кедергісі қалай анықталады?

Сабақ № 6

Сабақ тақырыбы: Гамма каротаж қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру

ГК диаграммасын *сапалық* интерпретациялау деп ұңғыма ашқан қиманы таужыныстың радиобелсенділік деңгейі бойынша литологиялық жіктеуді айтады. Жалпы алғанда, таужыныстың радиобелсенділігін текқана ГК диаграммасы бойынша нақты анықтау мүмкін емес. Ол үшін радиобелсенді каротаждың басқада түрлерін (КС, ПС, НГК, АК жә не т.б.) пайдалану қажет.

ГК әдісі уран рудасы немесе калий тұздары сияқты табиғи радиобелсенді элемент терді іздеуде және барлауда тиімді болып саналады.

ГК диаграммасын *сандық* интерпретациялау нәтижесінде радиобелсенді таужыныстардың қорын есептеуге қажетті мағлұматтар (рудалық интервал дардың қалыңдығы және ондағы радионуклидтер мөлшері) анықталады. Бұл салада ГК кернді сынамалауға қарағанда нақты нәтижелер береді.ГК диаграммасын сандық интерпретациялау табылған аномалия ауданының S радиобелсенді интервалдар қалыңдығы h мен ондағы радиобелсенді элементтердің мөлшері q арасындағы байланысқа негізделген.

$$S = K_0 \cdot q \cdot h$$


мұнда K_0 – қаныққан қалыңдық пен сипатталатын қабаттың

γ -сәулелену қарқындылығы және оның құрамындағы радиобелсенді элементтің арасындағы байланысты көрсететін пропорционалдық коэффициент. Коэффициент K_0 детектордың түрі мен мөлшеріне және руданың тығыздығымен зэф (зэф- ортаның тиімді атомдық номері) параметрімен байланысты. Бұл аталған барлық параметрлердің әсерін анықтау қиынға түседі, сондықтан, K_0 коэффициентін тәжірибе барысында (радионуклид мөлшері бел-гілі қабат моделін пайдалану арқылы) анықтайды. Мәселен, гидрогендік уран рудасы мен МС-13 санауышы үшін $K_0=115$ мкР/ч (0,01% U).

Қабат қалыңдығын анықтау. Рудалық интервал қалыңдығын анықтау үшін әр түрлі тәсілдер қолданады : $\frac{1}{2}I_{\gamma} \max$ $\frac{4}{5} I_{\gamma} \max$ белгілі қарқындылықпен және т.б. Тәсілдің қажетті түрін пайдалану рудалану біркелкілігіне, руда қалыңдығына және басқада параметрлерге байланысты.

3.4 суретте $\frac{1}{2}I_{\gamma} \max$ тәсілімен анықталған мысал келтірілген.

Аномалия амплитудасы $I_{\gamma} \max$ сыйыстырушы таужыныстың γ -фоннынан есептелінеді (жабынды және жатын таужыныстары көр-сеткіштерінің айырымы арқылы).



3.4 сурет

ГК диаграммасы бойынша қалың қабат жапсарларын және аномалия ауданын анықтау

Радиобелсенді элемент мөлшерін (U) анықтау аномалияның барлық түрлеріне бірдей, төмендегі формуламен анықталады.


$$Q = \frac{s}{100KOh} \%$$

мұнда h — интервал қалыңдығы, м.

Ауданның мөлшері S (см·мкР/ч) 3.4 суретте келтірілгендей ГК қисығы мен тереңдік өсі және қабат жапсарлары құрайтын контур бойынша есептелінеді.

Түзетулер енгізу. Табиғи радиобелсенді элементтердің мөлшерін анықтау үшін, алдымен, γ -кванттардың қанша бөлігі бұрғылау ерітіндісі мен шегендеу құбырында (егер болса) сіңуін білу қажет.

Бұрғылау ерітіндісі Пб.р. мен шегендеу құбырында сіңу Птр процестері үшін түзетулер бір номограммамен (3.5 сурет) анықталады. Номограммада екі қисық сызық бар: біріншісі – ерітінді(су), екіншісі – темір (шегендеу құбыры) үшін.



3.5 сурет

Суда және шегендеу құбырында сіңген γ -кванттар үшін түзетулерді енгізу номограммасы

Түзетілген аудан төмендегі формула арқылы есептелінеді:

$$S_{испр} = \frac{s \cdot 10^4}{(100 - P_{бр})(100 - P_{тр})}$$

мұнда Пб.р. и Птр. – бұрғылау ерітіндісі мен шегендеу құбырында сіңген γ -кванттардың сәулелену үлесі (пайызбен). Бұл көрсеткіштер номограммадан ұңғыманың және ұңғымалық ГК аспаптың, шегендеу құбырының диаметрлер айырымы арқылы есептелінеді. ГК бойынша U-ды анықтау үшін уран мен радий арасындағы радиобелсенді тепе-теңдік үшін қосымша түзету енгізу керек. Өйткені, уранның өзі γ -квант бермейді, ал барлық γ -сәулелену радий және оның өнімдерінен тарайды. Радиобелсенді тепе-теңдікті руда құрамындағы U мен Ra мөлшеріне байланысты, ал оны

кернді зертханалық зерттеу нәтижесінде табады. Тепе-теңдіктегі рудада радий мөлшері уранға қарағанда $3,4 \cdot 10^7$ есе кем. Ал, тепе-теңдігі жоқ рудада $K_{pp} = \frac{q_{Ra}}{q_{U, 3,4 \cdot 10^7}}$.

Радиобелсенді тепетеңдікті түзету нәтижесінде U мөлшері:

$$q_{испр} = \frac{q}{K_{pp}}$$

ГК диаграммасын сапалы интерпретациялаудың нәтижесі – уран рудасы мен калий тұзы кенорындарының қорын есептеудің негізі болып саналады.

Бақылау сұрақтары

1. Сапалық интерпретация дегеніміз не?
2. Сандық интерпретациялау кезінде қандай мағлұмат ала аламыз?
3. Қабат қалыңдығы қалай анықталады?
4. Радиобелсенді элемент мөлшерін қалай анықтаймыз?
5. Аномалия ауданын есептеуге арналған формуланы жаз.

Сабақ № 7

Сабақ тақырыбы: Акустикалық каротаж қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру

Қазіргі акустикалық каротаж аспабы кинематикалық $T1P$, $T2P$, ΔTP , $T1S$, $T2S$, ΔTS және динамикалық $A1P$, $A2P$, $A1S$, $A2S$, $A1L$, $A2L$ параметрлердің аналогтық диаграммаларын және басылу коэффициенттері диаграммасын тіркеуге мүмкіндік береді:


$$\alpha_p = \frac{1}{\Delta L} 20 \lg \frac{A_{1P}}{A_{2P}} \quad \text{и} \quad \alpha_s = \frac{1}{\Delta L} 20 \lg \frac{A_{1S}}{A_{2S}} \quad [\text{дБ/м}]. \quad (5.1)$$

Сонымен қатар, АК аспабы толқын көрінісін (ВК-волновая картина) толығымен және белгілі бір дискретизациялық интервал мен (тереңдік бойынша) фаза-корреляциялық диаграммасын (ФКД) жазады.

Толқын көрінісі арнайы магнит тік тіркеуіш пен жазылады, оны компьютерге енгізу оңайға соғады.

Фаза-корреляциялық диаграмма дегеніміз әр түрлі толқындардың бірдей фазаларның сызықтық жазылу көрінісі. ФКД жазуының жуандығы сигналдың амплитудасына пропорционал. ФКД диаграммасы бойынша әр түрлі толқындарды сәйкестендіруге, олардың кинематикалық және динамикалық параметрлерін бағалауға, ұңғыма қимасын литологиясы бойынша жіктеуге болады.

7.1 суретте карбонатты қимадағы акустикалық каротаж нәтижесі келтірілген. Бұл көріністе қума толқынның интервалдық уақыт диаграммасы ΔTP және бірінші қабылдағышпен тіркелген динамикалық $A1P$, $A1S$, $A1L$ параметрлері келтірілген.



7.1 сурет


Карбонаттық қимадағы акустикалық каротаж нәтижелері (Ю.И.Горбачев деректері бойынша)

Жалпы алғанда, ұңғыма ашқан карбонаттық қима толқындардың жоғары жылдамдығымен және төмен интервалды уақытымен (160-220 мкс/с) сипатталады. Келтірілген мысалдағы мұнай-газ қаныққан коллектор – кеуектілігімен, жарықшақтығымен, қуысқа бай учаскелер – жоғары интервалдық уақыты мен ΔT_p сипатталады (2023-2029 м; 2047-2056 м интервалдары). Бұл интервалдар, соны мен қатар, басылу коэффициентінің өсуі мен сипатталады (6.1 суретте диаграмма келтірілген).

Интервалдық уақыт диаграммалары бойынша толқынның таралу жылдамдығы бір-бірінен ерекшеленетін қабаттардың қалыңдығы мен шекараларын анықтауға болады.

Қалың қабаттың ($h > \Delta L$) қалыңдығы аномалияның жартылай максимумы ережесі бойынша, ал жұқа қабаттың ($h < \Delta L$) қалыңдығы төмендегідей ереже бойынша анықталады: аномалияның жартылай максимум деңгейіндегі ені зонд базасына тең, ал қабаттың қалыңдығы қисықтың көлбеу бөлікшесінің ұзындығына тең. Бұл келтірілген екі жағдайда қабаттың үстіндегі және астындағы таужыныстардың акустикалық қасиеттері бірдей болса,

V және T қисықтарында аномалиялар қабаттың ортасына симметриялы орналасады: тек бірінші жағдайда $V_{max} = V_{пл}$, ал екінші жағдайда – $V_{max} < V_{пл}$ (7.2 сурет).



7.2 сурет

Толқынның жоғары таралу жылдамдығы мен сипатталатын, қалың және жұқа қабаттар үстіндегі акустикалық қаротаж диаграммалары

Бақылау сұрақтары:

1. АК аспабы нені жазады?
2. ФКД дегеніміз не?
3. Интервалдық уақыт диаграммалары бойынша нені анықтауға болады?

Сабақ № 8

Сабақ тақырыбы: Термометрия қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру

Ұңғымада термометрия жергілікті жердің тау жыныстарында физико-химиялық процесстер арқылы пайда болатын жылу өрісін анықтау үшін және жуу сұйықтығы мен тау жыныстарының температура айырмашылықтарынан және сонымен қатар цементтің экзотерлік ұстап қалу реакциясынан пайда болатын жасанды жылу өрісін анықтау үшін жүргізіледі. Осыған орай жылуды анықтау бөлінеді: а. геометриялық градиентті табу; б. қимада газбен қаныққан коллекторлардан газ ұңғымаға түсуі кезінде ұңғыманың сууы және қабаттағы судың ұңғымағы түсуін анықтау; в. жасанды жылу өрісін тудыру арқылы пласттардың жылулық қасиеттерін анықтау. Термометриядан алынған мәліметтерді әр түрлі геофизикалық диаграммаларды өңдеуде қолданады, ең алдымен электрометрияда. Әр түрлі термометриялық іздеулер ұңғыманың техникалық жағдайын бақылау, яғни цемент сақинасының көтерілуін, труба сыртындағы судың айналу интервалдарын және жобалау кезінде жұмыс істеп тұрған мұнай және газ ұңғымаларында ағынды анықтау үшін жүргізіледі.

Ұңғымада температураны бөлу табиғи және жасанды жылу өрістерінің ерекшеліктеріне, қимадағы тау жыныстарының жылулық қасиеттеріне және жуу сұйықтығына байланысты.

Тау жыныстарының жылулық қасиеттеріне жатады: ерекше жылу өткізгіштік ++++ және оған қарама-қарсы өлшем бірлік ерекше жылулық кедергі $\frac{m}{m^2 \cdot K}$, жылу сыйымдылық C және температура өткіштік a жатады:

$$a = 1/C_{\xi} \delta_{п.}$$

Термограмманы өңдеу үшін негізгі параметр ξ . Ол тау жыныстарының көлемінің қалыңдығына және кеуектілігіне, флюид құрамына тәуелді. Қалыңдықтың көбеюімен және тау жыныстарының кеуектілігінің азаюымен ξ азаяды. тау жыныс-коллекторлардың кеуектілігі мен басқа да параметрлерінің бірдей болуынан ξ минимальды мәнге ие болады. Егер кеуектер семен толтырылса мәні үлкейеді. Егер мұнай немесе газбен толтырылса максималды мәнге ие болады. Коллектордың өтімділігінің өсуімен қатар ξ азаяды. себебі конвекция арқылы қосымша жылу өткізіледі.

Максималды жылу кедергісі шөгінді, құрғақ, сусымалы тау жыныстарында, газбен қаныққан коллекторларда, көмірде байқалады. Жоғары жылу кедергісі сазда байқалады. ξ төменгі мәні карбонатты қалың тау жыныстарында, тас көмірде, ангидритта байқалады. Минималды мән құрамында рудалық минералдары көп электр өткізе алатын тау жыныстарында (сульфид, магнетит) байқалады.

Геотермограмманы өңдеу

Бұрғылау сұйықтығы тау жыныстарының температурасын қабыдап алғанда ұңғымада жылу режимі тұрақталған термометрия болады. Ол геотермограмманы алуға мүмкіндік береді. Ол арқылы геометриялық градиентті Γ анықтауға болады. (сурет 78)

$$\Gamma_{100} = 100 \frac{t_2 - t_1}{H_2 - H_1}$$

$t_1 t_2$ - тау жыныстарының $H_1 H_2$ тереңдіктегі температурасы

Геотермограмманың белгілі бір жерлердің әр түрлі бұрыштарының болуы температураның тереңдікпен бірге өсуі бірдей болмайтыны көрсетеді. Геометриялық градиент Γ 1м тереңдікпен температураның өсуін сипаттайды. Геометриялық градиент Γ жылу ағынының қалыңдығының осы тереңдіктегі тау жыныстарының кедергісіне қатынасымен сипатталады.

$$\Gamma = q_t \xi_{п.}$$




Рис. 78. Геотермограмма и графики изменения по разрезу скважины геотермического градиента Γ и теплового сопротивления пород ξ

q_t тұрақты болған жағдайда Γ өзгеруі тау жыныстарындағы ξ өзгеруімен

сипатталады. Сондықтан $\sigma_{\text{т}}$ п өсуімен осы тау жыныс интервалының геотермограмма иілуі өседі және керісінше. Температураның детальді масштабында тіркелген геотермограмма $\sigma_{\text{т}}$ п параметріне пропорционал Γ арқылы литологиялық бөлуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Литология жығанан бірдей шөгінділірді ашатын белгілі бір территорияны қамтитын, әр түрлі ұңғымалардағы жылу ағынының қалыңдығын анықтау, шөгіндінің тектоникасын ашылмаған ұңғымаларда анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен үлкен q_t антиклиналды зоналаға, ал аз q_t синклинады зоналарға тән. Кристаллдық тау жыныстары сыртқа жыққан аудандарда $\Gamma_{100} 0.75-3^{\circ} \text{C}/100\text{м}$ аспайды. Максималды ($2.5-20^{\circ} \text{C}/100\text{м}$) Γ_{100} кайнозойлы вукан ауданында болады. Шөгінді жерлерде максималды Γ_{100} саз және аргиллитта болады, ал минималды Γ_{100} карбонатты және гидрохимиялық шөгіндерде болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Термометрия әдісінің материалы қалай өңделеді?
2. Термометрия дегеніміз не?
3. Термометрия қалай бөлінеді?

Сабақ № 9

Сабақ тақырыбы: Магниттік каротаж қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру

Жоспар:

1. Магниттік каротаж мәліметтерін өңдеу.

Магниттік каротаж, дәлірек, магниттік қабілеттілікті каротаждау (КМВ-каротаж магнитной восприимчивости) әдісі ұңғыма қабырғасын құрайтын таужыныстардың және рудалардың магниттік қабілеттілігін (χ) өлшеуге негізделген. КМВ – магнитті темір рудасы кенорындарындағы ұңғыманы зерттеуге арналған басты әдіс. Бұл әдіс, сонымен қатар, боксит, полиметалдар және марганец рудалары кенорындарында пайдаланылады.


КМВ әдісімен төмендегідей мәселелер шешіледі: ұңғыма ашқан қиманы литологиялық жіктеу, магниттік қасиеттері жоғары аралықтарды (интервалдарды) және олардың қалыңдығын анықтау, таужыныс магниттік қабілеттілігінің нақты мәнін анықтау, руда құрамындағы темірдің пайыздық мөлшерін анықтау.

КМВ деректері бойынша қиманы литологиялық жіктеу әр түрлі таужыныстар құрамындағы магниттік минералдардың (негізінен, магнетит) мөлшеріне негізделген. Атқылама таужыныстары арасында қышқылды таужыныстарда (граниттер, сиениттер және т.б.) магнетит ең аз мөлшерде; негізгі және ультра негізді таужыныстарда – жоғары мөлшерде; шөгінді таужыныстар арасында – сазда ең жоғары мөлшерде кездеседі. Төменде, 6.1 кестеде кейбір таужыныстар үшін орташаланған магниттік қабілеттіліктің мәні келтірілген.

Таужыныстардың магниттік қабілеттілігі

Кесте 6.1

Таужыныс	Магниттік қабілеттілік к, 10^3 сл. СИ
Гранит	0-50
Габро	1000-5000
Перидотит	1000-25000
Эктас	0-20
Құртас	10-100
Саз	10-500
Мәрмәр	-5-0
Тақтатастар	50-5000
Магнетитті руда	125000-1000000




6.1 сурет

Магниттік қабілеттілігі жоғары, қалыңдығы әр түрлі қабаттар үстіндегі КМВ аномалиялары

Егер қабат қалыңдығы h , датчик k ұзындығынан L аз болса, онда аномалия енінің қабат қалыңдығына тәуелділігі жойылып, L -ге тең болады, сөйтіп аномалия ортасында кішігірім минимум пайда болады, ал оның максимумы өз максимумына (қабат қалыңдығы қалың болған жағдайдағы) жетпейді.

Таужыныстардың нақты магниттік қабілеттілігі дала магниттік түсірімі нәтижесін сапалы интерпретациялау үшін анықталады. Бұл параметр (χ ист) ұңғымалық каппометрді басқыш тау (градуирлеу) арқылы табады. Ол үшін арнайы эталондар дайындалады, олардың әрбіреуінің осінің бойында цилиндрлік тесігі бар картоннан немесе пластмассадан жасалған барабан орналасады. Барабанның сыртқы диаметрі аз дегенде χ датчигінен екі есе ұзын, ал орталық тесіктің диаметрі зерттелетін бұрғылау ұңғымасының диаметріне тең болуы керек. Барабанның биіктігі датчик ұзындығынан 4-5 есе жоғары болуы керек. Барабандар мүсін салуға арналған гипстің немесе цементтің ұсақталған магнетит қоспасы мен толтырылады.

Әрбір эталонның магниттік қабілеттілігін зертханалық каппометр мен анықтайды. Градуирлеу барысында ұңғымалық снаряд барабан тесігінің (қуысының) ішіне, оның қақ ортасы қарсысындағы қабырғаға жабыстырылады (6.2 сурет). Ұңғымалық каппометрдің әрбір өлшеу диапазонына әртүрлі магниттік қабілеттілігі мен сипатталатын 3-4 эталон дайындалу керек. Градуирлеу графигі $l=f(\chi_{ист})$ 6.3 суретте көрсетілген.




6.2 сурет

Ұңғымалық КМВ приборын градуирлеу

леу

барысында эталон ішіне орналастыру



6.3 сурет


КМВ аспабын градуир

графигі

КМВ диаграммасы бойынша темірдің пайыздық мөлшерін анықтау магниттік қабілеттілік пен темірдің пайыздық мөлшері арасындағы корреляциялық $\chi_{ист} = (CFe)$ байланысқа негізделген. Дегенмен, бұл тәуелділік сызықтық болып есептелмейді. CFe мәнін анықтау үшін χ -ның нақты мәнін пайдалану қажет емес, ол үшін КМВ диаграммасынан алынған l мәнін пайдалануға болады. Жоғарыда

айтылғандай, $l=f(kucm)$ болғандықтан $l=\psi(CFe)$. Соңғы корреляциялық байланыс алдыңғыға қарағанда сызықтық тәуелділікке тіпті жақын.

$l=\psi(CFe)$ функциясын тәжірибелік деректер арқылы тұрғызу үшін, жоғары сапалы керн алынған ұңғымалар пайдаланылады. Рудалық аралықтардан алынған кернді жан-жақты сынамалап, оның құрамындағы темір мөлшерін химиялық талдау арқылы анықтайды. Сосын, КМВ диаграммасынан χ -ның орташа мәні анықталады немесе сынамаланған рудалық аралықтар қарсысындағы l көрсеткішінің орташа мәні анықталады. $l=\psi(CFe)$ тәуелділігі CFe осінен кесіп өткен p кесіндісі (6.4 сурет), магнитті емес минералдар үлесіне тиетін (силикаттар немесе карбонаттар) руда құрамындағы темір мөлшерін сипаттайды.



6.4 сурет

КМВ көрсеткіші мен руда құрамындағы темір мөлшері арасындағы байланыс (ұңғыма диаметрі 79 мм)

Руда құрамындағы темір мөлшерін төмендегі формула арқылы есептеуге болады:

$CFe = A \cdot l + p$, мұнда, A – бұрыштық коэффициент, ол КМВ диаграммасында қисықтың бір рет ауытқуына сәйкес келетін темірдің пайыздық мөлшерін көрсетеді.

Формуладағы $A \cdot l$ көбейтіндісі магниттік сепарация (ажырату) нәтижесінде рудадан алынатын темір мөлшерін сипаттайды.

Айтылған әдіс пен анықталатын темір мөлшерінің нақтылығы 1-2 пайызды құрайды.

Жоғарыда келтірілген тәуелділіктер диаметрі бірдей ұңғымалар үшін жарамды, өйткені ұңғыма диаметрі өлшеу нәтижесіне әсер етеді. Осы себептен КМВ, міндетті түрде, кавернометрия жұмысы мен бірге жүргізіледі.

Бір ұңғыма үшін табылған $\chi = (CFe)$ тәуелділігі, басқа ұңғымаға жарамайды, өйткені бұл тәуелділік функциональдық емес статистикалық болып саналады. Сондықтан оған басқа көптеген факторлар (руданың минералдық құрамы, оның құрылымы мен бітімі және т.б.) әсер етеді. Мәселен, құрамында 21 % темір бар темірлі кварциттер үшін $k \approx 3$, ал диабаз үшін (27 % те мір) – $k \approx 0,9$.

Сабақ № 10

Сабақ тақырыбы: Кавернометрия және профилиметрия қисықсызықтарын өңдеу мен түсіндіру

Ұңғыма диаметрі номиналды d_n және нақты d_c болып ажыратылады. Номиналды диаметрі бұрғыланған ұңғыманың долотасы мен тағасына тұспа-тұс келеді. Нақты диаметр номиналдыдан келесідей ажыратылады: жыныстың өтімділігі және бұрғылау технологиясына тәуелділігі және келесідей қатынасқа ие $d_c > d_n$; $d_c \leq d_n$. Ұңғыманың нақты диаметрін білу, ол бұрғылау процессінде ұңғыманың техникалық жағдайының мәліметін алу үшін, бұрғылау аяқталғаннан кейін бекітілген шегендеуші

кұбырға керек мөлшердегі цемент туралы мәлімет алу үшін керек. d_c туралы мағлұмат сандық интерпретация диаграммасында әр түрлі геофизикалық әдістерде және орнату пакерлерін таңдау кезінде, пластардың екі пакерлі тексергіш құбырды сынау арқылы жүргізіледі.

Тіркеу үшін қисық өзгерістер диаметрі ұңғыма бойынша оның оқпаны үшін каверномер қолданылалды, ол кез-келген тереңдікте анықталатын орташаның ішіндегі екі өлшенген өзара перпендикуляр тік жазықтықтағы ұңғыма диаметрінің мәні. Каверномер диаграммасын-кавернограмманы сызықтық масштабта тіркейді(әдетте 1см, 2см және 5см, 1см қағазда) және тереңдік масштабта 1:500 және 1:200. Кавернограммада сызықтық номиналды диаметрі жүргізіледі $d_{и}$, ол интервалды үлкейту және кішірейтуге $d_{н}$ нақты диаметріне қарағанда айқындау мүмкіндігін береді. Кавернограммда құнды деректерді тек бұрғылау қызметіне ғана емес ; сондай-ақ геофизикалық материалдарды геологиялық интерпретацияда қолдануға тиімді :кавернограммда диаметрдің үлкейюі сазбен сипатталады, кішірейюі(сазды қабыршақтың туындауы арқасында) - жыныс-коллекторлар; бірақ номиналды диаметрі тығыз жыныстарда сақталады. Диаметрдің үлкейюі коллекторларда және тығыз жыныстарда болуы мүмкін, егер олар жарықшақты болса. Кейде кавернограмманы микрокавернограммамен толықтырылады, ол каверномермен тіркеледі, оның арнайы конструкциялы аяқтары өте дәл масштабта және коркограммамен, коркомермен алынатын, сазды қабыршақтың қалыңдығын өлшеуді қамтамасыз етеді. Микрокаверномер және коркомер сазды қабыршақтың қалыңдығының өзгеруінің нақты суретін алуға, тіпті интервалдың ортақ үлкейюін d_c (жарықшақты коллектор) сондай-ақ тиімді қуатты коллекторлар туралы қосымша мәлімет береді.

Профилеметр каверномерге қарағанда қисықтардың екеуін өзара перпендикулярлы ұңғыма диаметрін тіркеуге мүмкіндік береді, олар ұңғыманың қимасының интервал үлкейюінің диаметрі, ереже бойынша, шеңбер емес-диаметрлер, өзара перпендикуляр бағытты өлшеулер бойынша ажыратылады. Профилеметрия ұңғымадағы оқпанның жеке нүктелерін, ұңғыма қимасының пішінін және оның бағытын “Спрут” приборымен нақты анықтауға арналған. Нақты келетін ұңғыма пішінінің қимасы 93 суретте көрсетілген. Бұл ұңғыма оқпанында науаның болуымен сипатталады, ол шамдардың ұңғыма қабырғасына қосылуының арқасында туындайды, олардан көтеріп-түсіруі операциялар кезінде қолданылатын бұрғылау саймандары жасалады. Науаның болуы бұрғылау процессінде және де геофизикалық зерттеулер кезінде бұрғылау аспаптарын және геофизикалық аспаптарды шығару кезінде оқыс жағдайға алып келу қаупін көбейтеді. Профилеметрияның мүмкіндігі, шығаруға қиындық тудыратын науаларды нейтрализациялау шараларын ұйымдастыру, ұңғыма оқпанының көлемін анықтау, ондағы бекітілген шегендеуші құбырды цементтеу мөлшері, ондағы ұңғыма қимасындағы пішінің геофизикалық аспаптардың өтімділігін анықтау болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Кавернометрия әдісінің материалы қалай өңделеді?
2. Профилеметрия әдісінің материалы қалай өңделеді?
3. Қандай тау жыныстары ұңғыма диаметрін өзгертеді?

Тақырыбы: Қима тұрғызу

Жоспар:

1. Типтік, қалыпты және жиынтық геологиялық-геофизикалық қима жасау
2. Типтік (типовой) қима
3. Қалыпты (нормальный) қима

Типтік, қалыпты және жиынтық қималар әр түрлі ұңғыма ашқан геологиялық қималарды сәй кестендірудің (корреляциялаудың) және эталондық интерпретациялаудың негізі болып саналады.

Типтік (типовой) қима – бұл литологиялық және басты геофизикалық сипаттамаларды салыстыру үшін пайдаланылатын орташа геологиялық-геофизикалық қима. Ол бір жағынан реті-мен, жүйелі түрде геологиялық қабатта луды, олардың *көрерлік* (видимую) қалыңдығын, литологиялық құрамын, жасын және мұнай қанығуын, ал екінші жағынан, басты геофизикалық сипаттамалардың (КС, ПС, ГК, НГК және т.б.) орташа мәндерін сипаттайды.

Қимада геологиялық шартты белгілерімен репер-қабаттар бөлінеді. Қима каротажда қабылданған тереңдік масштабын да тұрғызылады (әдетте, 1:500). Типтік қима тұрғызылған ұңғыма тектоникалық тұрғыдан күрделі болмауы керек. 7.15 суретте мысал ретінде типтік геологиялық-геофизикалық қима келтірілген.


Қалыпты (нормальный) қима тұрғызу үшін қабаттың нақты қалыңдығы (көрерлік қалыңдығы емес) пайдаланылады, бұл оның типтік қимадан айрықшалығы. Оны типтік қима деректері бойынша тұрғызуға болады. Ол үшін типтік қимада алынған көрерлік қалыңдықты ұңғыма мен қабаттың кездесу бұрышының синусына көбейтеді.

Егер, кенорнының геологиялық құрылысы оның литологиясы мен қабат қалыңдығының тез өзгеруімен сипатталатын болса, онда **жиынтық (сводный) қима** тұрғызылады. Жиынтық геологиялық-геофизикалық қиманы тұрғызу барысында бағананы (колонканы) бірнеше ұңғымадан, ал каротаждық диаграммалар – бір ұңғымадан алынады.

Ұңғыма қима ларын сәйкестендіру және профильдік геологиялық-геофизикалық қималар тұрғызу. Ұңғыма қималарын сәйкестендіру кенорнының геологиялық құрылысын зерттеуде аса маңызды роль атқарады. Сәйкестендіру үшін сапалы диаграммаларды алып, оларға кернді зерттеу нәтижелері салынады. Әр түрлі ұңғымалардан алынған диаграммалар масштабы бірдей болуы керек.

Сәйкестендірудің негізгі мақсаты – *репер-қабаттарды* бөліп көрсету және олардың әр түрлі ұңғымадағы тереңдігін анықтау.

Репер ретінде төмендегі екі талапты қанағаттандыратын қабаттар алынады: біріншіден, олар каротаждық диаграммаларда ерекше аномалияларымен сипатталуы керек, екіншіден, – үлкен аумақта білінуі қажет.



7.15 сурет

Туймазы кенорнындағы девон түзілімдерінің типтік геологиялық-геофизикалық қимасы (В.Б.Шмакова және Р.С.Сабитов бойынша).

Қимада репер (Р) және таңбаланған беткейлер (МП) маркирующие поверхности) көрсетілген: PD^2_2 – әктас; $MPPD^{1\text{pash}}_3$ – паший қабаттары, әктас жабындысы; $PD^{1\text{kin}}_3$ – «кинжал» атаулы кынов әктасы; $MPPD^{srq}_3$ – саргаев әктасы; $MPPD^{2-1}$ – фамен свитасы, әктас; D_1 және D_{11} – мұнайлы құмтастар; 1– құмтас; 2- аргиллит; 3- әктас; 4- сазды әктас; 5- доломит; 6- мұнайлы құмтас


Мәселен, жақсы репер ретінде карбонаттық түзілімдер ара-сында кездесетін құмтас-сазды қабаттар, немесе терригендік тау-жыныстар арасындағы әктастарды айтуға болады.

Көпшілік жағдайда каротаж деректері бойынша, геологиялық мәліметтермен бөлінбейтін реперлерді бөлуге болады.

Сәйкестендіру барысында, сызбаға каротаждық диаграмма-ларды бірінен соң бірін (ұңғымалардың орналасу заңдылығы бойынша) түсіру арқылы және оларда бөлінген репер-қабаттар шекараларын бір-бірімен қосу арқылы корреляциялық схемалар тұрғызылады. Схеманы тұрғызу барысында, белгілі бір репердің беткейіне сәйкес келетін белгіні бір көлбеу сызыққа орналастырады.

Осылай тұрғызылған корреляциялық схема әрбір гори зонттың сақталу дәрежесін бағалауға, тектоникалық бұзылыстар мен үзі-ліссіз құрылымдарды табуға, трансгрессиялық басылуды анықтауға және т.б. мүмкіндіктер береді.

7.16 суретте бір свитаның екінші свитаға трансгрессивті (шал-қая) жатысын корреляция арқылы анықтаудың мысалы келтірілген (В.Н.Дахнов бойынша).



7.16 сурет

Таужыныс қатқабатында А свитасының трансгрессивті (шалқая) жатысын корреляция арқылы анықтау мысалы

Профильдік қималар кенорнының тік бағыттағы геологиялық құрылысын көрсетеді. Мұндай қималарды таужыныстың созылымы бойымен және оған перпендикуляр бағыттарда тұрғызады. Қиманы тұрғызу үшін профиль бойында (қима жазықтығында) жатпайтын ұңғыма ларды да пайдалануға болады, оларды таужыныс созылым бағыты бойымен профильге түсіреді. Қиманың тік масштабы, көлбеу масштабқа қарағанда ірі болады. Ұңғыманың оқпаны бойымен стандартты каротаж диаграммалары түсіріледі.

Бақылау сұрақтары

1. Типті қима дегеніміз не?
2. Қалыпты қима дегеніміз не?
3. Жинақтық қима дегеніміз не?

Сабак 12

Тақырыбы: Коллекторды анықтау

Жоспар:

1. Коллектор
2. Кеуектілік
3. Өткізгіштік


Алдымен, коллектор-қабаттың басты сипаттарына тоқталайық. Коллектор деп өзінде сұйықтық пен газды сақтап, оларды қайтара беретін таужыныстарын айтады. Басты коллекторлық қасиеттер қатарына кеуектілік пен өткізгіштік жатады.

Кеуектілік таужыныстың сұйықтықты немесе газды байланыссыз жағдайда сақтауын сипаттайды. Ол кеуектілік коэффициентімен K_p , % анықталады.

Өткізгіштік деп қысымның айырмасы (өзгерісі) әсерінен таужыныстың өзі арқылы сұйықтықты немесе газды өткізу қабілеттілігін айтады. Өткізгіштік коэффициенті $k_{пр}$ дарси-мен немесе СИ жүйесінде аудан өлшемінде өлшенеді ($1 \text{ мД} \approx 1 \text{ фм}^2$ ($1 \text{ фемтам}^2 = 1 \cdot 10^{-15} \text{ м}^2$)). Ең жақсы коллектор болып құм, құмтастар, құмайттастар, кеуекті әктастар және доломиттер, жарықшақты таужыныстар есептеледі.

Коллектор емес яғни өткізбейтін таужыныстар («жапқыштар») қатарына саздар мен сазтастар (аргиллиттер), тығыз әктастар жә-не доломиттер, гипс және ангидрит жатады.

Қимада коллекторды жіктеу әдістемесі оның типтеріне байланысты жүргізіледі. Коллектордың түрлері 7.5 суретте көрсетілген.



7.5 сурет Коллектор түрлері

Түйіраралық (кеуекті немесе түйірлік) коллекторлар. Олар құмтас-сазды қималарда басым, кейбір кезде карбонаттық таужыныстар арасында да кездеседі. Олардың кеуектілігі жоғары (K_p 7-10-нан 30-40 пайызға дейін) және орташа өткізгіштігі $k_{пр}$ бірден жүздеген мД-ға дейін жетеді.

Жарықшақты, жарықшақ-қуысты және жарықшақ-карсты коллекторлар карбонаттық таужыныстар арасында кездеседі. Олардың кеуектілігі біршама төмен ($K_p \geq 2\%$), бірақ өткізгіштігі жоғары (ондаған дарсиге дейін). Оларда сұйықтық немесе газ жарықшақта және басқа да қуыстарда сақталады.

Коллектордың өткізгіштігі саздылыққа $C_{гп}$ тәуелді (саздылық өскен сайын $k_{пр}$ азаяды).

Ұңғыма қимасында коллекторды жіктеу – бұрғылау ерітіндісі-нің коллектор қабатына енуіне негізделген. Мұндай деректер, әр түрлі уақытта жазылған КС диаграммаларындағы көрсеткіштің өзгерісіне байланысты білінуі ықтимал. КС-тың өзгерісі, бұрғылау ерітіндісі сүзіндісінің қабатқа ену тереңдігінің өзгерісіне немесе қабатқа минералдануы басқа бұрғылау ерітіндісінің қосымша енуіне байланысты болуы мүмкін.

Егер, $c_o < c_v$ болса, онда су қаныққан қабаттарда КС өседі, ал мұнай қаныққан қабаттарда керісінше азаяды.

Қабат үстінде үш қабатты БКЗ немесе ВИКИЗ қисықтары тір-келсе – бұл ену белдемінің барлығының дәлелі, яғни қабаттың коллекторлық қасиетін көрсетеді.

Коллектордың тағы бір белгісі – МЗ диаграммасындағы Δr_k -ның оң таңбалы өсімшесі болуында.

Қосымша белгілер: аралық уақыттың өсуі және НГК көрсеткішінің төмендеуі, ұңғыма диаметрінің сазды қабыршақ пайда болуына байланысты азаюы болып саналады.

Дегенмен, сазды қабыршақтың болуы қабаттың коллектор болуының нақты дәлелі емес. С.Г.Коморовтың пікірінше, жоғары сапалы бұрғылау ерітіндісімен бұрғыланған ұңғымада коллектор қабаты қарсысындағы сазды қабыршақ аз болуы ықтимал. Кейбір кезде, тығыз таужыныстар қарсысында да сазды қабыршақ пайда болады.

Енді, әр түрлі коллекторларды жіктеудің ерекшеліктеріне тоқталайық.

Терригендік түзілімдердің түйіралалық коллекторлары, әдетте, жоғары кеуектілігімен ($K_{\text{п}} > 15\%$) және егер, $c_o < c_b$ болған жағдайда келесі белгілермен сипатталады: микрозонд диаграммасында $\Delta\rho_k > 0$ және ПС теріс таңбалы аномалиямен ерекшелінеді.

Егер, $c_o > c_b$ болған жағдайда, көрініс керісінше – коллектор үстінде оң таңбалы аномалия болады. ПС өрісінің сипатын ли-тологиясы белгілі қабаттың үстінде жүргізілген өлшеу нәтижесі арқылы тексеруге болады.

Егер $c_o \approx c_b$ болса, ПС қисығы коллекторды бөліп көрсете алмайды. Мұндайда ГК диаграммасын пайдалану қажет – онда коллектор қарсысында сазға қарағанда төмен болады.

Жақсы нәтижені ядролық-магниттік каротаж (ЯМК) береді. Бос флюид индексі қисығында (ИСФ) коллектор жоғарғы көрсеткішпен сипатталады.

Сазды коллекторлар қиын жіктеледі, олардың үстінде ПС амп-литудасы, МЗ және $\Delta\rho_k$ төмен, ГК көрсеткішінің төмендеуі де аз. Мұндай коллекторларды жіктеу үшін ҰГЗ-ның барлық әдістерін жан-жақты сандық талдау қажет.

Карбонаттық түзілімдердің түйіралалық коллекторлары кеуектілігінің аздығымен ($K_{\text{п}} = 10-20\%$) сипатталады, бірақ саздылығы терригендікке қарағанда әлдеқайда аз.

Каротаж диаграммаларында олардың белгісі терригендік коллекторларға ұқсас.

Мұндай коллекторларды жіктеу үшін, алдымен қимадағы саз-ды таужыныстар (саздар, сазтастар, сазды әктастар) ПС-тың оң таңбалы, ГК және ΔT -ның жоғары, КС-тың төменгі көрсеткіші-мен белгіленеді. Қалған саз емес таужыныстарды МЗ, НГК және АК көмегімен кеуекті (ықтималды коллектор) және аз кеуектілер-ге бөледі.

Жарықшақты коллекторлардың барлық түрі де каротаждық диаграмма ларда айқын ерекшеленбейді. Мұның себебі олардың кеуектілігінің аздығынан, сондықтан ҰГЗ диаграммаларында олар тығыз таужыныстар ретінде тіркеледі. Мұндай коллекторларды жіктеу үшін барлық деректерді сандық талдаудан өткізу қажет.

Кейбір жағдайларда акустикалық каротаж (ΔT -ның көбеюі) және ГГК-П (тығыздықтың азаюы) әдістері оңтайлы нәтижелер беруі ықтимал.

Мұндай коллекторларды жіктеу үшін арнайы әдістемелер бар, мәселен, «каротаж-әсер-каротаж». Бұл әдістеме төмендегі құбы-лысқа негізделген. Ұңғымадағы қабаттарға бұрғылау ерітіндісінен және қабаттық флюидтерден қасиеттері өзгеше (магниттік, тығыздылық, ядролық) белгілі бір сұйықпен әсер етеді. Содан кейін осы әсердің нәтижесін каротаждық диаграммаларда (әсерге дейінгі және әсерден кейінгі) табады.

Әдетте, мұндай әсер коллекторлық қабаттарда айқын көрінетін болады.

Келешекте, жарықшақты коллекторларды жіктеуде оң нәтиже ұңғыма лық гравиметриялық өлшеулер беруі мүмкін. Олардың көмегімен ірі көлемді таужыныстардың орташа тығыздығын есептеп, ол арқылы коллекторлық қабаттарды табуға болады.

Бақылау сұрақтары

1. Коллекторлар дегеніміз не ?
2. Коллекторлардың түрлері?
3. Кеуектілік дегеніміз не?
4. Өткізгіштік деген не?
5. Жарықшақты, жарықшақ-куысты және жарықшақ-карсты коллекторлар қай кезде кездеседі?

Сабақ 13

Тақырыбы: Литологиялық қима құру

Жоспар:

1. Ұңғыма қимасын литологиялық жіктеу
2. Құмтас-сазды қима
3. Карбонаттық қима

Таужыныс құрамы бойынша ұңғыма ашқан геологиялық қи-маны жіктеу және алдын-ала литологиялық бағананы (колонканы) жасау – бұл оперативті геофизикалық интерпретациялаудың басты міндеті.

Бұл мәселеге кірісудің алдында әрбір әдіс бойынша алынған диаграмма лар тереңдігі бойынша бір-бірімен үйлестіріледі. Ол үшін каротаждық диаграммада өзіндік ерекшеліктерімен сипат-талатын қабат алынады. Литологиялық жіктеудің оңтайлы шеші-мі геологиялық қиманың түріне байланысты болады.

Құмтас-сазды қима. Әдетте, құмтас-сазды (терригендік) қи-ма құм, құмтас, саз, сазды құмтас, құмайттастан тұрады. Оның құрамында конгломерат, сазды тақтатас, сазтас (аргиллит), мергель сирек кездеседі.

Мұндай қималар тұщы су ерітіндісімен бұрғыланады, яғни бұрғылау ерітін дісінің минералдануы c_0 қабат тық су минералдануынан c_b аз бола ды, сондықтан да $\rho_0 > \rho_b$. Мұндай жағдай ПС-тың «тура өрісі» туындауына ж әне микрозонд диаграмма-сында $\Delta\rho_k$ -ның оң өсімшесінің пайда болуына мүмкіндік жа-сайды.

Құмтас-сазды қиманың басты литологиялық айырымдарын қысқаша сипаттайық.

Саздар және сазды таужыныстары ПС-тың оң таңбалы ано-малияларымен; ең төмен КС (2-ден 20 Ом м-ге дейін) мәнімен сипатталады; $\rho_k^{МГЗ} \approx \rho_k^{МПЗ}$; табиғи радиобелсенділік жоғары; НГК-60 диаграммасында ең төмен көрсеткіш; АК диаграммасында аралық уақыт мөлшері жоғары ($\Delta T = 300-500 \frac{мкс}{м}$); ұңғыманың нақты диаметрі кесімді диаметрге қарағанда үлкейеді.

Саздың көрінерлік кедергісі оның іріктелуігіне байланысты, олар теңіз, тереңсулы саздар үшін төмен, ал континенттік саздар үшін біршама жоғары.


Құмтастар мен құмайттастар ПС диаграммаларында теріс таңбалы; КС мәні жоғары (бірден жүздеген Ом м-ге дейін); мик-розондтар диаграммасында $\Delta\rho_k$ оң таңбалы; ГК және НГК диаг-раммаларында аралық мәндерімен сипатталады; АК бойынша

аралық уақыты төмен (құмтастарда $\Delta T = 175-330 \frac{мкс}{м}$, құмайт-мкс^м тастарда – 200-275 м); кавернограмма ұңғыма диаметрінің кішіреюін көрсетеді.

Құмтас пен құмайттастардағы КС олардың тығыздығы мен кеуектілігіне, кеуектердің қанығу сипатына, цементтің құрамы мен ондағы сазды материалдың қоспасына байланысты жоғары шектерде өзгереді.

Құмайттастар құмтас сияқты белгілермен сипатталғанымен, олардан анық түрімен білінеді.

7.1 суретте шартты құмтас-сазды қима және оларға сәйкес ка-ротаждық диаграммалар көрсетілген.




7.1 сурет

ҰГЗ әдістері бойынша құмтас-сазды қиманы литологиялық жіктеу:

1 – саз; 2 – құмайтас; 3 – құмтас; 4 – әктас

7.2 суретте мұнай кенорнындағы құмтас-сазды қима үстіндегі жүргізілген ҰГЗ әдістерінің нәтижесі көрсетілген. Қима саз, құм-тас және құмайтас қабаттарының алмасып орналасуымен сипатталады. Саздар оң таңбалы ПС аномалиясымен (30 мВ-қа дейін); төменгі мәнді КС көрсеткіштерімен (6-7 Ом·м-ге дейін); микрозо-ндтар диаграммасында $\Delta\rho_k$ -ның оң таңбалы өсімшесінің жоқтығымен, ГК және ΔT диаграммаларында жоғары мәндерімен сипатталады. Мәселен, 2254,0-2263,5 м және 2307,5-2323,5 м аралығындағы қабаттарды саздың айқын мысалы ретінде қарастыруға болады.



7.2 сурет

Құмтас-сазды қиманың каротаж диаграммалары көмегімен жіктеу мысалы.

Тығыз құмайтастардың қабатшалары (2286, 2302, 2339 м) ПС диаграммасында кішігірім теріс таңбалы аномалиямен және 15 Ом·м-ге дейінгі КС көрсеткішімен сипатталады. Құмтастарға МЗ диаграммасында оң таңбалы $\Delta\rho_k$ өсімшесі, ПС-тің теріс таңбалы аномалиясы, КС-тың 75 Ом·м-ге дейінгі жоғары көрсеткіші сәйкес келеді. Осылай, 2263,5-2330,5 м аралығындағы су қаныққан және 2323,0-2330,5 м аралығындағы мұнай қаныққан құмтас табылған. Мұнай қаныққан құмтасқа индукциялық каротаж диаграммасында жоғары көрсеткіш сәйкес келеді. КС диаграммасында су және мұнай қаныққан құмтас-тар айтарлықтай бір-бірінен ажырамайды, өйткені КС көрсеткішіне бұрғылау ерітіндісінің ену белдемінің кедергісі әсер етеді.

Құмтас-сазды қиманы жіктеу үшін МЗ, ПС және КС басты ҰГЗ әдістері қатарына, ал ГК, НГК, АК КМ қосымша әдістер қатарына жатады.

Карбонаттық қима. Карбонаттық қима, әдетте, әктастар мен доломиттердің түрлерінен (тығыз және берік, кеуекті және жа-рықшақта, сазды және т.б.) тұрады. Қимада гипс, ангидрит, тас тұзы сирек кездеседі.

Карбонаттық қиманы жіктеу – құмтас-сазды қиманы жіктеуге қарағанда күрделі болады.

ҰГЗ әдістері көмегімен карбонаттық қимада кездесетін бор-пылдақ, кеуектілігі жоғары әктастарды, әктас-бақалшақтастарды тығыз кристалданған және кремнийленген әктастардан айыруға болады.

7.3 суретте әр түрлі қаныққан тығыз және кеуекті әктастары бар карбонаттық қатқабат қимасы және оларға сәйкес келетін схемалық диаграммалар көрсетілген.


КС диаграммасында карбонаттық қатқабаттар жоғары кедергілігімен сипатталады (жүзден мыңға, тіпті ондаған мыңға Омм-ге дейін). Борпылдақ, қуысты әктастар КС-тың төменгі көрсеткішімен сипатталады. Мұнай-газ қаныққан жағдайда (ал кеуекті әктастар мұнай-газ қаныққан болуы ықтимал), олардың кедергісі тығыз әктастардың кедергісімен шамалас болады. 7.3 суретте 2-ші қабат осының мысалы болады.

ПС диаграммасында карбонаттық таужыныстар саз арасында теріс таңбалы аномалиясымен сипатталады.

Аномалия амплитудасы кеуектілігі көбейген сайын өседі (2-ші және 4-ші қабаттар), ал саздылығы көбейген сайын азаяды (6-шы қабат). Жалпы алғанда ПС диаграммасы карбонаттық қима үстінде нашар жіктеледі.

Микрозондтар, тек кеуектілігі жоғары болғанда ғана $\Delta\rho_k$ өсім-шесі оң таңбалы белдем құрайды, ал басқа жағдайларда олардың диаграммасы тиімді мәліметтер бермейді.

ГК диаграммалары карбонаттық қатқабаттар үстінде табиғи радиобелсенділігі төмендігімен сипатталады (2-3 мкР/сағат), тек саздылығы өскен сайын аздап көбейеді (6-шы қабат).



7.3 сурет ҰГЗ әдістері бойынша карбонаттық қиманы литологиялық жіктеу: 1– саз; 2- тығыз әктас; 3- жарықшақты мұнай қаныққан әктас; 4- жарықшақты су қаныққан әктас; 5- сазды әктас


НГК- 60 диаграммаларында карбонаттық таужыныстары I_{ny} көрсеткішінің жоғары мәнімен сипатталады, өйткені олардың құрамында сутегі мөлшері аз (1,3,5,7 қабаттары). Қуысты және кеуекті таужыныстарында I_{ny} көрсеткіші айтарлықтай төмендейді, осыған байланысты оларды тығыз таужыныстар арасында бөлуге болады. Мысал ретінде 2-ші қабатты айтуға болады, бұл қабат КС диаграммасында өзінің мұнай қанықтылығымен жіктелмейді.

Акустикалық каротаж бүкіл карбонаттық қатқабатты өзінің аралық уақыт көрсеткішінің төмен мәнімен ($\Delta T=140-250 \frac{mкс}{m}$) және өз ішіндегі барлық кеуекті және жарықшақты қабаттарды жоғарғы ΔT мәнімен (қанықтылық сипатына тәуелсіз) анық бөледі.

Кавернограмметрия бойынша тығыз әктастарға ұңғыманың нақты диаметрі өзінің номиналды мөлшерімен бірдей белдем-дерге сәйкес келеді.

Сонымен, карбонаттық қиманы жіктеу үшін басты әдістер қа-тарына КС,НГК және АК; ал қосымша әдістер қатарына ПС, ГК және КМ әдістері жатады.

7.4 суретте Ромашка кен орнындағы карбонаттық қиманы жік-теу мысалы келтірілген.



7.4 сурет

Кешенді каротаж диаграммалары бойынша карбонатты қиманы жіктеу мысалы (Ромашка кен орны).

Суретте, 1703,0-1762,5 м аралығында карбонатты қабат саз қабаттары арасында орналасқан. Қабаттың жоғарғы бөлігінде 1722,4 м белгіге дейін сазды әктастар бөлінеді. Оларға кішігірім ПС аномалиясы (20 мВ-қа дейін) және айтарлықтай КС аномалиясы (100 Ом) сәйкес келеді. 1722,4 м-ден 1736,5 м-ге дейін мұнай қаныққан әктастар сәйкес келеді, оларға қарқынды ПС аномалиясы (-70 мВ-қа дейін), жоғары КС аномалиясы (260 Ом-ге дейін) және жоғары көрсеткішті НГК -60 аномалиясы сәйкес келеді. Ұңғыманы 1,5 жыл пайда ланғаннан кейін акустикалық каротаж жүргізілген, оның нәтижесінде A_s -көлденең толқын амплитудасының төменгі мәні бойынша қабатқа ұңғымадан тұщы су-дың қарқынды сіңуі анықталған. Сол кезеңдегі су-мұнай жапса-ры 1738,0 м тереңдікте орналасқан.

Бақылау сұрақтары

1. Карбонаттық қима?
2. Кавернометрия диаграммасында мәндер қандай болады?
3. Микрозондтар диаграммасында мәндер қандай болады?

Қимада геологиялық шартты белгілерімен репер қабаттар бөлінеді. Қима каротажда қабылданған тереңдік масштабында тұрғызылады (әдетте, 1:500). Типтік қима тұрғызылған ұңғыма тектоникалық тұрғыдан күрделі болмауы керек. Қалыпты (нормальный) қима тұрғызу үшін қабаттың нақты қалыңдығы (көгерлік қалыңдығы емес) пайдаланылады, бұл оның типтік қимадан айрықшалығы. Оны типтік қима деректері бойынша тұрғызуға болады. Ол үшін типтік қимада алынған көгерлік қалыңдықты ұңғыма мен қабаттың кездесу бұрышының синусына көбейтеді.

Егер, кенорнының геологиялық құрылысы оның литологиясы мен қабат қалыңдығының тез өзгеруімен сипатталатын болса, онда жиынтық (сводный) қима тұрғызылады. Жиынтық геологиялық-геофизикалық қиманы тұрғызу барысында бағананы (колонканы) бірнеше ұңғымадан, ал каротаждық диаграммалар – бір ұңғымадан алынады.

Ұңғыма қима ларын сәйкестендіру және профильдік геологиялық-геофизикалық қималар тұрғызу. Ұңғыма қималарын сәйкестендіру кенорнының геологиялық құрылысын зерттеуде аса маңызды роль атқарады. Сәйкестендіру үшін сапалы диаграммаларды алып, оларға кернді зерттеу нәтижелері салынады. Әр түрлі ұңғымалардан алынған диаграммалар масштабы бірдей болуы керек.

Сәйкестендірудің негізгі мақсаты – репер-қабаттарды бөліп көрсету және олардың әр түрлі ұңғымадағы тереңдігін анықтау.

Репер ретінде төмендегі екі талапты қанағаттандыратын қабаттар алынады: біріншіден, олар каротаждық диаграммаларда ерекше аномалияларымен сипатталуы керек, екіншіден, – үлкен аумақта білінуі қажет.

Мәселен, жақсы репер ретінде карбонаттық түзілімдер арасында кездесетін құмтас-сазды қабаттар, немесе терригендік тау-жыныстар арасындағы әктастарды айтуға болады.

Көпшілік жағдайда каротаж деректері бойынша, геологиялық мәліметтермен бөлінбейтін реперлерді бөлуге болады.

Сәйкестендіру барысында, сызбаға каротаждық диаграммаларды бірінен соң бірін (ұңғымалардың орналасу заңдылығы бойынша) түсіру арқылы және оларда бөлінген репер-қабаттар шекараларын бір-бірімен қосу арқылы корреляциялық схемалар тұрғызылады. Схеманы тұрғызу барысында, белгілі бір репердің беткейіне сәйкес келетін белгіні бір көлбеу сызыққа орналастырады.

Осылай тұрғызылған корреляциялық схема әрбір гори зонттың сақталу дәрежесін бағалауға, тектоникалық бұзылыстар мен үзіліссіз құрылымдарды табуға, трансгрессиялық басылуды анықтауға және т.б. мүмкіндіктер береді.

Профильдік қималар кенорнының тік бағыттағы геологиялық құрылысын көрсетеді. Мұндай қималарды тау-жыныстың созылымы бойымен және оған перпендикуляр бағыттарда тұрғызады. Қиманы тұрғызу үшін профиль бойында (қима жазықтығында) жатпайтын ұңғымаларды да пайдалануға болады, оларды тау-жыныс созылым бағыты бойымен профильге түсіреді. Қиманың тік масштабы, көлбеу масштабқа қарағанда ірі болады. Ұңғыманың оқпаны бойымен стандартты каротаж диаграммалары түсіріледі.

1. Ұңғыманы корреляциялау дегеніміз не?
 2. Корреляциялау қалай жүргізіледі?
- Ұңғыманы корреляциялау үшін қандай факторлар қажет?

Сабақ 15

Тақырыбы: Коллекторлардың мұнай-газға қанықтығын анықтау

Жоспары:

1. Коллекторлардың мұнай-газға қанықтығын анықтау

Мұнай және газ алып отырған көлемнің коллектордың $V_{нг}$ барлық порттарының көлеміне $V_{пор}$ қатынасына тең мұнай-газ жабдықтау коэффициентімен сипатталады:

$$K_{нг} = \frac{V_{нг}}{V_{пор}} \quad (21.1)$$

Мұнай мен газбен қамтылмаған ЖҰЖ қалған бөлігі сумен толтырылады, сондықтан

$$K_{нг} + K_{г} = 1. \quad (21.2)$$

Бұл ретте K_v жиынтық су құрамын, яғни молекулалық ілініс күштерімен жыныстың минералды қаңқасының бетіне байланысты және еркін су құрамын сипаттайды. Байланысты судың құрамы $K_{в0}$ қалдық су қанығу коэффициентімен анықталады, ол сондай-ақ азаймайтын су қанығу коэффициенті деп аталады. Осылайша, жыныстағы судың мөлшері $K_{в0}$ -дан кем болмауы керек. Керн үлгілері бойынша кг және K_v анықтау сенімді бола алмайды, өйткені бұрғылау барысында керн бұрғылау ерітіндісінің сүзгішімен сіңеді. Оларды пайдалану бұрғылаудың қымбаттауына әкеп соқтыратын және каротажды орындауды қиындататын Мұнай негізіндегі ерітіндіні (РНО) сүзгілемейтін әк-битум ерітіндісін қолдана отырып Ұңғымаларды бұрғылау жағдайында ғана анықтауға болады.

Осы себепті коллекторлардың мұнай-газға қанығуын анықтау кезінде геофизикалық әдістерге үлкен мән беріледі.

Ең қарапайым жағдайларда жыныстың тесіктерін қанықтыратын флюидтің құрамы мен мөлшерін қабаттардың УЭС бойынша анықтауға болады, өйткені сулы қабаттардың төмен, ал мұнай және газға қанықпаған қабаттардың жоғары кедергісі болады. Алайда, қабаттың уэж абсолюттік мәндері әлі де объективті сипат бермейді, өйткені олар тек $K_{нг}$ және K_v ғана емес, сонымен қатар қабаттың литологиясына және оның кеуектілігіне байланысты.

Қабаттардың мұнай-газға қанығуы туралы қорытынды Q кедергісін арттыру коэффициенті бойынша жасалады, ол рнг мұнай қанықпаған қабатының кедергісі сол қабаттың кедергісінен 100% сумен қанығуы кезінде қанша есе көп екенін көрсетеді

$$Q = \frac{\rho_{нг}}{\rho_{гн}} \quad (21.3)$$

Q Мен K_v арасында кері дала тәуелділігі бар:

$$Q = \frac{1}{K_v^n}$$

мұнда $N = 1,73-4,33$ судың литологиясы мен қасиеттеріне байланысты.

Құм-сазды және карбонатты жыныстар үшін бұл тәуелділік сур. 21.1. Бұл графиктер бойынша, егер r_{ng} және r_v белгілі болса, Кинг және K_v табуға болады.

r_g мұнай-газға қаныққан қабатының кедергісі БКЗ, ИК, ВИКИЗ немесе БК нәтижелері бойынша анықталуы мүмкін.

r_{vp} су қаныққан қабатының кедергісін сол әдістермен анықтауға болады, бірақ қабаттың коллекторлық қасиеттерінің өзгермейтін жағдайында осы қабатты мұнай құятын контурдан тыс кесіп өтетін басқа да ұңғымаларда.

r_{vp} сондай-ақ, егер r кеуектілік параметрі мен қабаттарды қанықтыратын қабаттық сулардың R_v кедергісі белгілі болса есептеуге болады.

r_p мәнін микрозондтармен өлшеу нәтижелері бойынша, ал r_v - КС диаграммалары бойынша анықтауға болады.


$Q > 1$ жоғары мәндер қабаттың ішінде мұнайдың немесе газдың бар екендігін көрсетеді.

Q коэффициенті, сондай - ақ Кнг сияқты мұнай немесе газға қанықтырылуын сипаттайды, бірақ мұнай немесе газға қабаттың мұнай немесе газ беру қабілетін түсінетін мұнай немесе газға қанықтығы емес.

Газ немесе мұнай бере алатын $Q_{кр}$ "сыни мәндер" деп аталатын $Q_{кр}$ бар. Бұл мәндер әртүрлі литология қабаттары үшін бірдей емес.

Провинцияның таза құм-алевролит қабаттары үшін $Q_{кр} = 10$; $Q < 4$ қабаттардан тек су алуға болады. Полимиктік құмды коллекторлар үшін $Q_{кр} = 4$.

Коллекторда сазды материал көп болған сайын, қабат мұнай бере алатын Кинг мәні соғұрлым аз болады. Мәселен, мысалы, сазды құмтастардан мұнайды $K_{н2} \geq 30\%$ жағдайында ала аламыз, ал карбонатты коллекторлардан мұнайды $K_{н2} \geq 60\%$ тек кезде ғана алуға болады. Бұл балшықтың ұлғаюымен байланысты судың мөлшері өсуімен түсіндіріледі, ал мұнайдың қозғалуына сазбалшық әсер етпейді.



21.1 сурет-Q коллекторлары кедергісінің ұлғаю коэффициентінің олардың мұнай-газға қанықтырылуына тәуелділігі

Бакылау сұрақтары

1. Беріңіз коэффициентін анықтау нефтегазонасыщенности.
2. Қр коэффициенті қандай аралықта өзгеруі мүмкін нефтегазонасыщенности?
3. Суға қанығу коэффициенті қандай шектерде өзгеруі мүмкін?
4. Қандай қабаттар жоғары УЭС бар-мұнайға қанықпаған немесе суға қанықпаған? Неліктен?
5. Оның УЭС бойынша қабаттағы мұнай құрамын сандық бағалауға бола ма?
6. "Кедергіні арттыру коэффициенті" дегеніміз не?
7. Су қанығу коэффициентімен кедергіні арттыру коэффициенті қалай байланысты?
8. Қкр "сыни мәні" деген не

Сабак № 16

Сабак тақырыбы: ГК қисықтарын өндеу.

Жоспар

1. Сандық және сапалық интерпретация
2. Қабат қалыңдығын анықтау
3. Радиобелсенді элемент мөлшерін (U) анықтау
4. Түзетулер енгізу

ГК диаграммасын *сапалық* интерпретациялау деп ұңғыма ашқан қиманы таужыныстың радиобелсенділік деңгейі бойынша литологиялық жіктеуді айтады. Жалпы алғанда, таужыныстың радиобелсенділігін текқана ГК диаграммасы бойынша нақты анықтау мүмкін емес. Ол үшін радиобелсенді каротаждың басқада түрлерін (КС, ПС, НГК, АК жә не т.б.) пайдалану қажет.

ГК әдісі уран рудасы немесе калий тұздары сияқты табиғи радиобелсенді элемент терді іздеуде және барлауда тиімді болып саналады.

ГК диаграммасын *сандық* интерпретациялау нәтижесінде радиобелсенді таужыныстардың қорын есептеуге қажетті мағлұматтар (рудалық интервал дардың қалыңдығы және ондағы радионуклидтер мөлшері) анықталады. Бұл салада ГК кернді сынамауға қарағанда нақты нәтижелер береді. ГК диаграммасын сандық интерпретациялау табылған аномалия ауданының S радиобелсенді интервалдар қалыңдығы h мен ондағы радиобелсенді элементтердің мөлшері q арасындағы байланысқа негізделген.

$$S = K_0 \cdot q \cdot h$$


мұнда K_0 – қаныққан қалыңдық пен сипатталатын қабаттың

γ-сәулелену қарқындылығы және оның құрамындағы радиобелсенді элементтің арасындағы байланысты көрсететін пропорционалдық коэффициент. Коэффициент K_0 детектордың түрі мен мөлшеріне және руданың тығыздығымен зэф (зэф- ортаның тиімді атомдық номері) параметрімен байланысты. Бұл аталған барлық параметрлердің әсерін анықтау қиынға түседі, сондықтан, K_0 коэффициентін тәжірибе барысында (радионуклид мөлшері бел-гілі қабат моделін пайдалану арқылы) анықтайды. Мәселен, гидрогендік уран рудасы мен МС-13 санауышы үшін $K_0=115$ мкР/ч (0,01% U).

Қабат қалыңдығын анықтау. Рудалық интервал қалыңдығын анықтау үшін әр түрлі тәсілдер қолданады : $\frac{1}{2}I\gamma \text{ max}$ $\frac{4}{5} I\gamma \text{ max}$ белгілі қарқындылықпен және т.б. Тәсілдің қажетті түрін пайдалану рудалану біркелкілігіне, руда қалыңдығына және басқада параметрлерге байланысты.

3.4 суретте $\frac{1}{2}I\gamma \text{ max}$ тәсілімен анықталған мысал келтірілген.

Аномалия амплитудасы $I\gamma \text{ max}$ сыйыстырушы таужыныстың γ -фоннан есептелінеді (жабынды және жатын таужыныстары көр-сеткіштерінің айырымы арқылы).



3.4 сурет

ГК диаграммасы бойынша қалың қабат жапсарларын және аномалия ауданын анықтау

Радиобелсенді элемент мөлшерін (U) анықтау аномалияның барлық түрлеріне бірдей, төмендегі формуламен анықталады.


$$Q = \frac{s}{100k0h} \%$$

мұнда h — интервал қалыңдығы, м.

Ауданның мөлшері S (см·мкР/ч) 3.4 суретте келтірілгендей ГК қисығы мен тереңдік өсі және қабат жапсарлары құрайтын контур бойынша есептелінеді.

Түзетулер енгізу. Табиғи радиобелсенді элементтердің мөлшерін анықтау үшін, алдымен, γ -кванттардың қанша бөлігі бұрғылау ерітіндісі мен шегендеу құбырында (егер болса) сіңуін білу қажет.

Бұрғылау ерітіндісі Пб.р. мен шегендеу құбырында сіңу Птр процестері үшін түзетулер бір номограммамен (3.5 сурет) анықталады. Номограммада екі қисық сызық бар: біріншісі – ерітінді(су), екіншісі – темір (шегендеу құбыры) үшін.



3.5 сурет

Суда және шегендеу құбырында сіңген γ -кванттар үшін түзетулерді енгізу номограммасы

Түзетілген аудан төмендегі формула арқылы есептелінеді:

$$S_{испр} = \frac{s \cdot 10^4}{(100 - P_{бр})(100 - P_{тр})}$$

мұнда Пб.р. и Птр. – бұрғылау ерітіндісі мен шегендеу құбырында сіңген γ -кванттардың сәулелену үлесі (пайызбен). Бұл көрсеткіштер номограммадан ұңғыманың және ұңғымалық ГК аспаптың, шегендеу құбырының диаметрлер айырымы арқылы есептелінеді. ГК бойынша U-ды анықтау үшін уран мен радий арасындағы радиобелсенді тепе-теңдік үшін қосымша түзету енгізу керек. Өйткені, уранның өзі γ -квант бермейді, ал барлық γ -сәулелену радий және оның өнімдерінен тарайды. Радиобелсенді тепе-теңдікті руда құрамындағы U мен Ra мөлшеріне байланысты, ал оны

кернді зертханалық зерттеу нәтижесінде табады. Тепе-теңдіктегі рудада радий мөлшері уранға қарағанда $3,4 \cdot 10^7$ есе кем. Ал, тепе-теңдігі жоқ рудада $K_{pp} = \frac{q_{Ra}}{q_{U, 3,4 \cdot 10^7}}$.

Радиобелсенді тепе-теңдікті түзету нәтижесінде U мөлшері:

$$q_{испр} = \frac{q}{K_{pp}}$$

ГК диаграммасын сапалы интерпретациялаудың нәтижесі – уран рудасы мен калий тұзы кенорындарының қорын есептеудің негізі болып саналады.

Бақылау сұрақтары

4. Сапалық интерпретация дегеніміз не?
5. Сандық интерпретациялау кезінде қандай мағлұмат ала аламыз?
6. Қабат қалыңдығы қалай анықталады?
7. Радиобелсенді элемент мөлшерін қалай анықтаймыз?
8. Анамоля ауданын есептеуге арналған формуланы жаз.

Сабак № 17

Сабак тақырыбы: Саздылық коэффициентін анықтау.

Жоспар

1. Саздылық коэффициентін анықтау

Коллектордың саздылығы көлемдік немесе салмақтық коэффициентімен $C_{гл}, \%$ сипатталады. ГК бойынша саздылықты анықтау, шөгінді таужыныстың радиобелсенділігімен оның саздылығы арасындағы байланысқа негізделген.


Шөгінді таужыныстың жалпы радиобелсенділігін $q_{пор}$ келесі формуламен өрнектеуге болады:

$$q_{пор} = (1 - C_{гл}) \cdot q_{ск} + C_{гл} \cdot q_{гл} \quad (2.1)$$

мұнда $q_{ск}$ және $q_{гл}$ – таужыныс және саз минералдық қаңқасының меншікті радиобелсенділігі.

Формуласынан мынаны көруге болады: $q_{ск}$ және $q_{гл}$ таужыныс саздылығына тәуелді болмаса, онда $q_{пор} = f(C_{гл})$ арасындағы байланыс тура немесе сызықтық болады.

Дегенмен, саз құрамындағы жұқа дисперсиялық фракциялар өзіне радиобелсенді элементтерді сіңіріп, таужыныстың жалпы саздылығымен өзара байланыста болып, Сгл коэффициентіне байланысты өзгереді. Нәтижесінде, саз құрамы көбейген сайын қгл белсенділігі көбейеді. Ал, $q_{\text{пор}} = f(\text{Сгл})$ арасындағы байланыс тура емес, әр кенорны немесе аудан үшін әртүрлі болады.




Сурет 2.1 Құмтас-сазды таужынысы γ -белсенділігінің оның саздылықтан тәуелділігі

ГК деректері бойынша Сгл мәнін осы графикпен анықтау үшін, Сгл мәні таужыныстың радиобелсенділік бірлігімен сипатталу керек. Егер мұндай өзгерту мүмкін болмаса, саздылықты анықтау үшін басқа тәсіл қолданылады:

$$\Delta J_{\gamma} = \frac{J_{\gamma}^x - J_{\gamma}^{\min}}{J_{\gamma}^{\max} - J_{\gamma}^{\min}} \quad 2.2$$

шамалары коллектор-қабат үстінде (), Сгл=0-ге тең кварц-құмтас немесе әктас үстінде () және сазды қабат үстінде () тіркелген қарқындылыққа сәйкес келеді. Бұл аталған шамаларды 2.2 формуласына қояр алдында бұрғылау ерітіндісінде және шеген құбырындағы γ -сәулелену үшін түзету енгізу қажет. ΔJ_{γ} мен Сгл арасындағы байланыс 2.2 суретінде көрсетілген.



Сурет 2.2 ΔJ_{γ} мен Сгл арасындағы байланыс. Сызықтардың белгісі – тірек қабаттың Сгл мәні.

Бақылау сұрақтары

1. Саздылық коэффициенті қалай анықталады?
2. Шөгінді таужыныстың жалпы радиобелсенділігін қандай формуламен өрнектеуге болады?
3. Саздылықты анықтайтын формуланы жаз.

Сабақ № 18

Сабақ тақырыбы: ГГК қисықтарын өңдеу

Жоспар:

1. Тығыздық гамма-гамма картаж (ГГК-П)

2. Селективтік гамма-гамма каротаж (ГГК-С)

ГГК-П таужыныста γ -квант тардың комптондық шашырауын зерттеуге негізделген. Бұл эффект γ -кванттың энергиясы жоғары болғанда байқалады, сондықтан, ГГК-П тәсілінде энергиясы $E\gamma > 0,5$ МэВ γ -кванттар көзі қолданылады. Мұндай энергия көзі 144 болып Co60 ($E\gamma = 1,17$ МэВ және $1,33$ МэВ), Cs137 ($E\gamma = 0,66$ МэВ) және энергиясы $0,35$ -тен $1,76$ МэВ-қа дейін γ -квант тартарататын табиғи радиобелсенді элемент Ra226 . Зонд ұзындығы 20 см-ден 50 см-ге дейін.

ГГК-П тәсілі мұнай, газ, көмір барлау және рудалы ұңғымаларда пайдаланылады.

Мұнай және газ кенорындарында ГГК-П ұңғыма ашқан қиманы тығыздығы бойынша жіктеу үшін және коллектордың кеуектілігін анықтау үшін пайдаланылады. Өйткені, таужыныс тығыздығы σ_p мен кеуектілік коэффициенті $KП$ өзара төмендегідей функционалдық байланыста болады:

$$\sigma_p = (1 - KП) \cdot \sigma_{ск} + KП \cdot \sigma_{ж} \quad (3.1)$$

мұнда $\sigma_{ск}$ және $\sigma_{ж}$ – таужыныс кеуектерін толтыратын минералдық қаңқа мен сұйық тығыздықтары. Бұл параметрлер, әдетте, кернді зертханалық зерттеулер арқылы анықталады.

Жалпы алғанда, таужыныс тығыздығын σ_p ГГК-П тәсілімен анықтайды. Ол үшін аспапты тығыздығы белгілі таужыныс эталоны арқылы дәлдейді. Қазіргі аспаптар ГГК-П диаграммасын тығыздық өлшемімен жазылған диаграммаларды тіркеуге мүмкіндік береді. $KП$ мәні 3.1 формуласы арқылы анықталады.

ГГК-П тәсілі, сонымен қатар, ұңғыманы цементтеу барысында цемент құрамындағы кеуектің бар-жоғын және цементтің ұңғыма бойы мен көтерілуін анықтау үшін қолданылады. Өйткені, цемент тасының тығыздығы $1,8-2,2$ г/см³, ал кеуектерді толтыратын сұйықтың тығыздығы – $1,0-1,2$ г/см³-ге тең.

Көмір кенорындарында ГГК-П тәсілі көмір қабаттарын бөліп көрсету үшін пайдаланылады. Өйткені, көмір тығыздығы ($\sigma = 1,15-1,75$ г/см³) сыйыстырушы құмтас-сазды таужыныстарынан ($\sigma_{вм} = 2,5 - 2,7$ г/см³) әлде қайда жоғары болғандықтан, көмір интервалдары үстінде шашыраңқы γ -кванттың қарқындылығы жоғары (3.1 сурет).

Көмір қабаттарының шекарасы аномалияның жартылай максимумы ережесі бойынша анықталады.

Рудалық кенорындарында ГГК-П әдісі рудалық интервалдарды басқа әдістер мен бөліп көрсетуге болмайтын жағдайда қолданылады.


3.1 сурет. Тығыздықтары төмен (көмір) және жоғары (әктас) қабаттардың үстіндегі тығыздық гамма-гамма каротажы диаграммасындағы аномалиялар

ГГК-С таужыныста γ -кванттардың фотосіңуін зерттеуге негізделген. Бұл эффект, әдетте, энергиясы төмен γ -кванттарда кездеседі, сондықтан, ГГК-С әдісінде энергиясы $E\gamma < 0,5$ МэВ көздер қолданылады.


Мұндай γ -квант көздері ретінде жасанды радионуклидтер Sn119 ($E\gamma = 0,39$ МэВ), Se75 ($E\gamma = 0,27$ МэВ), Hg208 ($E\gamma = 0,28$ МэВ) пайдалыналады. Зонд ұзындығы $10-20$ см.

Әдісті пайдалану. ГГК-С әдісі негізінен рудалы және көмір кенорындарында пайдалынады.


Көмір кенорындарында ГГК-С көмірдің күлділігін анықтау үшін жүргізіледі. Таза көмір көміртектен тұрады, оның тиімді атомдық номері $Z_{эф} \sim 6$. Қалдық күл аздап



темір тотығы бар кремнетотықтан (кремнеземнен) және алюмототықтан (глиноземнен) тұрады, оның $z\phi = 12-13$. Көмірдің күлділігі Ac мен $z\phi$ арасында, 3.2 суретте келтірілгендей функционалды байланыс бар. ГГК-С әдісі ортаның $z\phi$ параметрінің өзгерісіне өте сезімтал, сондықтан, әдіс нәтижесінде қазба көмірдің күлділігін анықтауға болады. Бұл әдісті практикаға енгізген проф. В. И. Уткин, ол Ac мәнін ГГК әдісі бойынша анықтау үшін арнайы палетка есептеген (3.3 сурет)



3.2



сурет.

3.3 сурет.

Әр түрлі көмір бассейні үшін есептелген $z\phi$ мәнінің көмір көмірдің күлділігін ГГК-С диаграммасы бойынша күлділігі мен байланысы анықтау үшін қолданатын В. И. Уткин палеткасы

Қазба

(В.И.Уткин

бойынша)

Палетка құрамы мен қуаттылығы белгілі γ -квант көзі және берілген зонд пен детектор мөлшері үшін есептелген. Палетка калькаға сызылады. Көмір қабатының күлділігін анықтау үшін палетканы ГГК-С диаграммасы үстіне салып, палетканың және диаграмманың нольдік сызықтары бір-бірімен сәйкес келуі керек. Сосын палетканы нольдік сызықпен қозғай отырып, палетканың 100 пайыз күлділікке тең төменгі сызығы сыйыстырушы таужыныс үстіндегі диаграмма деңгейі мен сәйкес келгенше жылжытады.

Содан кейін, палетка сызықтары арасындағы ГГК-С аномалиясы бойынша көмір қабатының күлділігін анықтайды (3.3 сурет).

Рудалы кенорындарда ГГК-С әдісі ұңғыма ашқан қимадағы рудалы интервалдарды анықтау үшін қолданады. Шашыраған γ -кванттардың спектрін өлшеу арқылы сәуленісіңірген элементті анықтап, руданың заттық құрамын анықтауға болады.

Мұнай және газ кенорындарын да ГГК-С әдісі шегендеу құбырының ақауын анықтау үшін жүргізіледі. Бұл әдіс пен, сонымен қатар, ұңғыма ашқан қимадағы коллектор қабатты бөліп, оның кеуектілігінде анықтауға болады. Ол үшін әдісті ұңғымада екі рет жүргізеді: ұңғыманы сұйық пен ($z\phi$ жоғары) толтырғанға дейін және толтырғаннан кейін. Сұйық ретін де қорғасын ацетатының сулы ерітіндісін пайдаланады. Оның концентрациясы 30 %-ға жеткенде $z\phi=45,6$ (құмтастың минералдық қаңқасында $z\phi=12,4$, ал әктаста -15,0).


Атомдық номері жоғары сұйық қабат кеуектеріне еніп, коллектордың $z\phi$ жоғарылатады (кеуектілігі жоғарылаған сайын $z\phi$ те жоғары болады, 3.4 а сурет). Бұл эффект ұңғыманы толтырғанға

дейін және кейін тіркелген ГГК-С диаграммаларында айқын көрінеді (3.4 б сурет).

Кейінгі кезде шетелдік және ресейлік (ВНИИ ГИС, “Тверь-геофизика”) фирмалар ГГК әдісінің «литотығыздықты γ - γ -каротаж» деп аталатын жаңа түрін

өндіріске енгізді. Ұңғымалық прибор бір ГГК-С зондынан және ұзындықтары әр түрлі екі ГГК-П зондынан тұрады. Мұндай прибор таужыныстың тығыздығы және тиімді атомдық номерін бір уақытта өлшеуге мүмкіндік береді. Бұл болса, мұнай ұңғымасын литологиялық жіктеуге, коллекторды бөліп, оның кеуектілігін анықтауға мүмкіндік береді.

ГГК әдісінің жалпы кемшілігі – оның зерттеу тереңдігінің аз болуына байланысты (бірнеше см-ден 1 дм-ге дейін).



3.14 сурет.

Ұңғыманы сұйықпен ($z\phi$ жоғары) толтырғаннан кейін карбонаттық қимадағы коллекторды ГГК-С әдісімен бөліп көрсету:

а – құмтасты (1) және карбонатты (2) коллекторлардың $z\phi$ параметрінің кеуектілік пен байланысы

(сұйық – 30% қорғасын ацетатының сулы ерітіндісі); б – каротаждық диаграммалар: I – бақылау диаграммасы (ГГК-С), 2 – ұңғыманы сұйықпен толтырғаннан кейін.

Бақылау сұрақтары

1. ГГК қалай бөлінеді?
2. ГГК-П теориялық негізіне анықтама бер.
3. ГГК-С теориялық негізіне анықтама бер.
4. ГГК-ды қандай параметрлерді анықтау үшін пайдаланады?

Сабақ № 19

Сабақ тақырыбы: ННК қисықтарын өңдеу

Жоспар:

1. Жер қыртысының ылғалдылығын анықтау.
2. Тау жыныстарының кеуектілігін (пористость) зерттеу

1. Жер қыртысының ылғалдылығын анықтау

Кеуектілікпен тікелей байланысты болып табылатын, ылғалдылықты анықтау, таужыныстарының беріктік сапасын бағалауға, және, ең маңыздысы жер қабатының қасиеттерін мұнай және газ коллекторы ретінде зерттеуге мүмкіндік береді.

Ылғалдылықтың ұлғайуымен бірге ННК көрсеткіштерінің өзгеруі детектормен салыстырғанда жылдамдығы азайған және шашыраңқы нейтрондардың әр түрлі геометриялық тұрғыда орналасуымен байланысты. Ең тиімді нейтрондарды шашыратқыш болып табылатын, ылғалдылықтың аз болуы, тау жынысында сутегінің

аз мөлшерде болуына байланысты, ортада қозғалу қашықтығы үлкен, және нейтрондар детектордан біраз қашықтықта орналасады.

ННК қисығында максимумның пайда болуы, қозғалу қашықтығының азайуы сутегінің ұлғайуына байланысты нейтрондар ақырындап детекторға жақындай түседі. Ылғалдылық жоғарылағанда нейтрондар қайтадан детектордан алыстап, нейтрон көздеріне жақындай түседі, және ННК көрсеткіші азаяды.

ННК деректерінің ылғалдылыққа байланысты өзгеруі жылу және жылу үсті нейтрондарына тән, ортада тығыздықтары өзара байланысты. Жылу нейтрондарының тығыздығына таужынысының заттық құрамы және қабат суларының минерализациясы ықпал етеді. ННК-Т сезімділігі ННК-НТ жоғары. Сондықтан ННК-Т суы бар қабаттардың ылғалдылығы мен кеуектілігін анықтауға, ННК-НТ минерализацияланған су қабаттарын анықтауға қолданылады.

ННК-Т-дан ННК-НТ-ға ауысу үшін детекторды кадмий экранымен қоршау қажет. Кадмий экраны жылу нейтрондарын толықтай сіңіріп алады. Жылу үсті нейтрондарының жылдамдығы бұл экранда жылу нейтрондарының жылдамдығына дейін азаяды, және детектор оларды қабылдайды.

Ылғалдылықты өлшеу үшін нейтрондардың ампулалық көздері бірнеше түрі қолданылады : $Po - Be$, $Pu - Be$. Нейтронды ылғалдылықты өлшеуіште детекторлар ретінде көбінесе пропорционалды борлы санауыштарды (счетчики) , ал баяу нейтронды сцинтиляционды санауыштарды сирек қолданады.

Нейтронды ылғалдылықты өлшегіштің сапасы эталондаушы графикке байланысты келесі көрсеткіштермен анықталады, : есептеудің жоғары жылдамдығымен, нүктедегі төменгі фонымен $m = 0$, ылғалдылықтың кең диапазонында графикта сызықтық характерімен (линейным характером графика в широком диапазоне влажности).

Нейтронды ылғал өлшеуіштердің өнеркәсіптік түрлері ННК-Т мен жұмыс істейді. Жылуүсті нейтрондары қолдануынан бас тартуы детекторлардың төменгі тиімділігінен есептеу жылдамдығының жоғалуымен түсіндіріледі.

Заттық құрамның және тығыздықтың әсері. Нейтрондарды жұту қимасы үлкен болатын элементтерді анықтау үшін нейтрон-нейтронды каротаждың қолданылуын қарастырайқ. Бұл жағдайда сутегін сақтаушы (водородосодержания) әсерін азайту үшін инверсионды зондтарды қолданған тиімді.

Топырақты грунттарда радиациялық ұстау деңгейі көп элементтер болуы мүмкін – бор, хлор, марганец, темір, калий. Жұтқыш элементтердің көбеюі - жылу нейтрондар ағынының санау жылдамдығын азайтады және m анықтаудағы қателікке әкеліп соғады.

Сипаттық мысал ретінде σ_n үлкен элемент ретінде борды алуға болады, яғни ол нейтрондарды жұтады. Борлы кен орындарын барлау кезіндегі қиындықтардың бірі – бордың мөлшерін анықтау болып табылады. Бордың нейтрондарды жұтуы, яғни нейтронды борометрияның сезгіштігі жоғары болады. Сондықтан ННК-Т әдісі, бордың мөлшері 1,5% асқанда нашар көрсетеді. Сол мақсатты шешу үшін ННК- НТ қолданылады. Нейтрондар энергиясы көбейген сайын, σ (n , α) реакциясының қиылысуы азаяды, және де ННК-Т әдісіне қарағанда, ННК-НТ әдісінің графигінде бордың %-дық құрамы анық көрсетіледі

Грунттың тығыздығы. γ –кванттар сияқты, нейтрондар ағыны ортаның тығыздығына байланысты болады. Әсіресе инверсия алды зондысымен өлшеу жылдамдығы, тығыздық өскен сайын жоғарлайды. Ылғалдылығы толықтай қанықпаған

болған жағдайда, грунттың ылғалдылығын өлшеу нәтижесі грунт қанқасының тығыздығына байланысты болады

Егер $\Delta m = 0,005$ ылғалдылықты өлшеу кезіндегі қателікті $\Delta m = 0,005$ деп алсақ, грунт қанқасының тығыздығы $\Delta \rho = 0,02-0,05$ г/см³ дейін өзгеруі мүмкін. Егер өлшеу кезінде тығыздығы үкен ауытқулар көрсететін болса, онда оған түзетулер енгізу керек. ННӨ әдісінің ылғалдылықты зерттеу өлшемдерін, ГГК-П әдісінің тығыздықты өлшемдерімен сәйкестендірген дұрыс болады.

Өлшеу тереңдігі. ННӨ әдісінің өлшеу тереңдігі деп - 90% нейтрондар детекторға қайтатын цилиндрлік қабат радиусын $r_{0,9}$ айтады.

Онда келесідей заңдылықтар бар:

Тереңдігі нейтронды бәсеңдету ұзақтығымен байланысты. Қысқа зондтар үшін ($R = 0-25$ см) $r_{0,9} = 2,1 L$, (5)

Мұндағы L – бәсеңдету ұзақтығы. Зондты ұзарту, өлшеу тереңдігіне аз әсерін тигізеді. Жылу үсті нейтрондардың кеңістікті таралу анализі, нейтрондардың максималды саны $2 \rho L$ арақашықтағы қабатта орналасқанын көрсетеді.

Бәсеңдеу ұзақтығы, диффузия ұзақтығы да ылғалдылықтың көбейген сәтінде азаятындығын біле отырып, ННӨ әдісінің өлшеу тереңдігі ортаның ылғалдылығына байланысты екенін айта аламыз.

Аралық аймақтың әсер етуі. Әдетте грунттардың ылғалдылығын өлшеу кіші диаметрлі шегенделген ұңғымаларда жүргізіледі. Осы жағдайда өлшем нәтижелеріне шегендеу құбырының диаметріне, ұңғыманың толтыру сипатына(су, ауа), шегендеу құбырының материалы және қалыңдығы және құбыр сыртындағы каверналар және оларды толтыру тәсіліне байланысты болады. Жербетілік әдіс жүргізу кезінде зерттелетін аймақтың жер бетінің рельефі әсер етеді.


ННӨ әдісі үшін тығыздығы ғана рөл атқармайды, сондай-ақ негізгі ортаның және аралық аймақтың қанша нейтрондық параметрлері бар екені әсер етеді. Аралық аймақтың суқанықтығы немесе нейтрон жұтқыш элементтердің концентрациясының көбеюі, бірден санау жылдамдылығын және эталондаушы графиктің сипатын өзгертеді. Ауамен толтырылған ұңғыманың диаметрі үлкейген сайын, нейтрондық влагомердің сезгіштігі азаяды. Ұңғыманы сумен толтыру псы эффектті көбейтеді. Дюралюминийлі шегендеу құбырлары санау жылдамдығына әсер етпейді.

3. Тау жынысының кеуектілігін зерттеу.

ННК әдісінің кеуектілікті анықтау принципі тау жынысының кеуектерінде сұйықтықтың(су немесе мұнай) немесе газдың(көмірсутек) жиналуына негізделген.

Кен орындардың мұнай және газға қанықтығын анықтауда ННӨ өзінің ерекшеліктері бар. Әдістің тек ғана каротаждық нұсқасы қолданылады(ННК-Т и ННК-НТ).

Каротажды диаметрі үлкен(150-300мм), бұрғылау ерітіндісімен толтырылған ұңғымада және ұзындығы 10-80см-ге дейінгі зондтармен жүргізіледі.




Сурет 2. Кеуктілік коэффициенті мен нейтронды ағынның байланысы

Егер тау жынысының кеуктері суға қаныққан жағдайда кеуктілік коэффициенті көлемдік ылғалдылыққа тең болады ($k_p = m$). Кеуктілік көбейген сайын, оның суға қанықтығы көбейеді, бірақ тығыздығы азаяды. Инверсияланған зонд үшін ылғалдықтың өсуі оның нейтрондар ағымының кішіреюіне әкеліп соғады, ал тығыздықтың кішіреюі керісінше ағынның үлкеюіне әкеледі. Анықтаушы болып ылғалдылық әсері қызмет етеді, сондықтан нейтрондық өріс сөнеді.

Көптеген есептеулер және эксперименттер көрсеткендей, шектелген k_p диапазонында кеуктілік коэффициентінің логарифмы мен нейтрондар ағынына тәуелділігі бақылананды:

$$N = a + b \ln k_p, \quad (6)$$

